Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 36 (1195)

13.09.2024

alatau.offset@mail.ru
alatau_gazeti
alatau_gazeti

ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТЕ

ПРЕЗИДЕНТТІҢ ЖОЛДАУЫН ТАЛҚЫЛАДЫ

Жетісуда облыс активінің жиыны өтіп, онда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Жолдауын іске асыру жайы талқыланды.



Облыс әкімі Бейбіт Исабаевтың төрағалығымен өткен жиынға облыс әкімінің орынбасарлары, мәслихат депутаттары, құқық қорғау органдарының, департаменттердің, басқармалардың, мекемелер мен қоғамдық ұйымдардың басшылары, аудандар мен қалалардың әкімдері, облыс әкімі аппаратының қызметкерлері қатысты.

Бейбіт Исабаев Жолдауда атап көрсетілген 9 нақты міндетке жеке-жеке тоқтала отырып, осы басым бағыттарды іске асыруға қатысты жергілікті деңгейде қабылдануы тиіс шараларға ерекше назар аударды. Өңір басшысы облыс экономикасына, соның ішінде агроөнеркәсіптік кешенге инвестицияларды белсенді тарту қажеттігіне айрықша тоқталып, сала басшыларына ауыл шаруашылығы кооперативтерін құру, түрлі дақылдар өсіретін орталық ашу, суару жүйелерін жаңғырту және ылғал үнемдейтін технологияларды пайдалану аясын кеңейту бойынша нақты ұсыныстар енгізуді тапсырды.

– *Президент атап өткендей, жер – осы саланың инвестициялық тартымдылығының негізгі элементі. Облыс көлемінде 2022 жылдан бері 1,2 млн. гектар пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы жерлері мемлекет меншігіне қайтарылды, оның 809,2 мың гектары айналымға енгізілді. Пайдаланылмайтын жерді қайтару жұмысы жалғастырылуда. Қайтарылып алынған жерлер заң шеңберінде халықтың мақсатты пайдаланылуына берілуі керек. Жалпы жер мәселесі облыстық жер қатынастары басқармасы мен аудан, қала әкімдерінің тұрақты бақылауында болуы тиіс*, – деді Б. Исабаев.

Сонымен қатар спикер қазіргі кезде өңірде жергілікті кәсіпорындардың жүктемесін қамтамасыз ету жұмыстарында оң нәтижелер бар екенін атап өтті. Мәселен, «Достық-Мойынты» теміржол желісін салу жобасын іске асыру барысында жергілікті «Талдықорғанкабель», «АСПМК-519» темір бетон кәсіпорны, «Айсұлу» тігін фабрикасы өз өнімдерін жеткізетін болады, яғни аталған кәсіпорындармен жалпы 5 млрд.теңгеден асатын сомаға келісімшарттар жасалған. Сондай-ақ көрсетілетін мемлекеттік қолдауды ескере отырып, облыстың ірі кәсіпорындарының айналасында аралас өндірістер ашу мәселесін қарастыру керек.

– *Мәселен, Кербұлақ ауданында жаңа ірі инвестициялық жоба – мыс комбинаты салына бастады. Оның құрылысына өзіміздің өңірде өндірілген материалдардың пайдаланылуына назар аударуымыз керек. Сөйтіп біз жергілікті мазмұнның үлесін арттыра түсеміз. Бұл ретте кадр мәселесі де маңызды. Президент 2025 жылды жұмысшы мамандығының жылы деп жариялағанын білесіздер. Ең алдымен, технологтар, су мамандары, білікті құрылысшылар, энергетиктер және басқа да сала кадрларының тапшылығын азайту, жұмысшы кәсібінің имиджін көтеру шараларын қабылдауымыз қажет*, – деді Б. Исабаев.

Осы орайда «Жетісу облысының жаңа мамандықтар атласын» өзектендіру, еңбек нарығында сұранысқа ие жаңа жұмысшы мамандықтарды ашу ісін жалғастыру тапсырылды.

Бейбіт Исабаев өзекті инфрақұрылымдық проблемаларды, соның ішінде энергетика және коммуналдық салалардағы туындаған мәселелерді шешу үшін қажетті шаралар қабылдау жайына егжей-тегжейлі тоқталды. Сол қатарда газдандыру, көлік-логистика саласын дамыту мәселелері де талқыланды.

Жиында әлеуметтік инфрақұрылымды, соның ішінде денсаулық сақтау, білім беру және спорт салаларын дамыту жайы да назардан тыс қалған жоқ.

Жауапты тұлғаларға экологиялық жағдайды жақсартуға және қоршаған ортаға ұқыпты қарауды насихаттауға бағытталған шараларды одан әрі жалғастыру туралы тапсырма берілді.

Сөзінің соңында облыс әкімі қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, жергілікті жерлерде мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру мәселелеріне тоқталып, азаматтардың өтініштерімен жұмыс істеу барлық деңгейдегі басшылардың жеке бақылауында болуы тиіс екенін айрықша атап өтті. Облыста Жолдауды жүзеге асыруға арналған іс-қимыл жоспары әзірленуде, онда айқын міндеттер және олардың нақты орындалу мерзімі белгіленеді.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Суретті түсірген - Жеңіс ЫСҚАБАЙ

АНДАТПА

ӘЛЕУМЕТ 4-5-бет




КӨМІР БАҒАСЫ КӨҢІЛ КӨНШІТПЕЙДІ

ТАҒЗЫМ 7-бет



ТАУТҰЛҒА

ОБЩЕСТВО 10 стр.



ЛЕТНИЕ ПЛОЩАДКИ И ДИЗАЙН-КОД: МНЕНИЕ РЕСТОРАТОРОВ АЛМАТЫ

АЙТАРЫМ БАР 13-бет



ӨНЕГЕЛІ ӨМІР ИЕСІ

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

КЕЗДЕСУ

МҚІА ТӨРАҒАСЫ ДАРХАН ЖАЗЫҚБАЙ ЖҰМЫС САПАРЫМЕН ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА БОЛДЫ

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ІСТЕРІ АГЕНТТІГІНІҢ ТӨРАҒАСЫ ДАРХАН ЖАЗЫҚБАЙ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА ЖҰМЫС САПАРЫМЕН БОЛЫП, ӨҢІР БАСШЫЛЫҒЫМЕН, МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРМЕН ЖӘНЕ ЖАСТАРМЕН КЕЗДЕСТІ.



Облыс активімен кездесуде Дархан Жазықбай мемлекеттік қызметті жаңғыртуға қатысты Мемлекет басшысы алға қойған міндеттерді жүзеге асыру аясында атқарылып жатқан іс-шаралар жайында айтты. Олар мемлекеттік аппаратты бюрократиядан арылтуды, оны адамға бағдарланған сервистік сипатта дамытуды, мемлекеттік қызметке кіруді барынша ашық етуді, жастардың және жеке сектордағы кәсіби мамандардың мемлекеттік қызметке келуін жеңілдетуді қамтиды.

Агенттік төрағасы отандық мемлекеттік қызметті дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы қабылданып, оның қолданыстағы жүйені заман талаптарына сай жетілдіруге бағытталғанын айтты. Ол саладағы жаңашылдықтар Президент атап көрсеткен «Адам мемлекет үшін емес, мемлекет адам үшін» деген іргелі қағиданы негізге ала отырып жүзеге асырылып жатқанын атап өтті.

«Баршаға тең мүмкіндіктер тудыратын әділдік принципін негізге алу және адал, ашық болу мемлекеттік қызметшілер үшін басты ұстанымға айналуы қажет. Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауындағы «Кез келген істің басты өлшемі тиімділік болуға тиіс. Яғни, әрбір шешім, әрбір жоба ең алдымен елге пайдалы болуы қажет» деген сөзін мемлекеттік қызметшілер өз қызметінде негізгі бағдарға алуы тиіс», – деді МҚІА төрағасы.

Сапар аясында Дархан Жазықбай облыс бойынша биыл Өңірлік кадр резервіне іріктелген жастармен арнайы кездесті. Ол резервке іріктеу әрбір өңірде тың өзгерістерді іске асыруға қабілетті жас басқарушылардың пулын қалыптастыруға бағытталғанын және оларға үлкен жауапкершілік жүктейтінін айтып, алда атқарар жұмыстарына сәттілік тіледі.

Сондай-ақ Дархан Жазықбай Қаратал ауданының Халыққа қызмет көрсету орталығында болып, көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасымен танысты. Айта кету керек, Жетісу облысында осы жылдың 1 жартысында 2,5 млн. астам мемлекеттік қызмет көрсетіліп, оның 98,4%-ы электрондық нысанда ұсынылған. 2023 жылы мемлекеттік қызмет көрсету сапасының қоғамдық мониторингінің нәтижелері бойынша Жетісу облысы республикада 9-орынды иеленген.

Жұмыс сапары барысында Дархан Жазықбай облыстық «Жетісу» телеарнасына мемлекеттік қызметті дамытудың жаңа тұжырымдамасының негізгі бағыттары мен оларды жүзеге асыру шаралары туралы сұхбат берді.

Дереккөз: Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің ресми сайты.

САЯСАТ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ БЕЙБІТ ИСАБАЕВТЫ ҚАБЫЛДАДЫ

ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВҚА ӨҢІРДІҢ БИЫЛҒЫ 7 АЙДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП БЕРІЛДІ ЖӘНЕ АЛДАҒЫ ЖОСПАРЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ.



Президентке 2024 жылдың қаңтар-шілде айларында қысқа мерзімді экономикалық индикатор 112,4 пайызды құрағаны баяндалды. Облысқа 188,2 миллиард теңге инвестиция тартылды, соның ішінде жеке инвестицияның мөлшері 136,7 миллиард теңгеге жетті.

Бейбіт Исабаевтың айтуынша, аймақ экономикасының аграрлық салаға негізделгенін ескере отырып, пайдаланылмаған жерлерді қайтару және айналымға енгізу шараларына, «Ауыл аманаты» бағдарламасын жүзеге асыру, қант өндірісін дамыту мәселелеріне баса мән берілген.

Мемлекет басшысына өнеркәсіп өндірісін өркендету, өңірге инвестиция тарту жайында мәлімет берілді. Атап айтқанда, бірқатар перспективті инвестициялық жоба іске асырылып жатыр. Олардың қатарында Кербұлақ ауданындағы металлургия комбинаты, «Қорғас – Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағындағы «Қазақстан-Қытай халықаралық өнеркәсіп қаласы» индустриалды паркі, Жоңғар қақпасы аумағындағы қуаты 1 ГВт болатын жел электр станциясы сияқты ірі жобалар бар. Өңірдің көлік-логистикалық және транзиттік әлеуетін арттыру үшін жүйелі жұмыстар қолға алынған.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласының жай-күйі туралы айтылды. Облыс әкімінің сөзінше, жыл соңына дейін өңірді газбен қамту деңгейі 56,5 пайызға жетеді. 2028 жылға қарай Жетісу облысы көгілдір отынмен толық қамтылады деп күтіліп отыр. Соңғы 2 жылда облыста 86 әлеуметтік инфрақұрылым нысаны салынып, жөндеуден өткен.

Президентке тұрғын үй және жол құрылысы, туризмді дамыту жайында ақпарат берілді. Жалпы Жетісудың туристік бағыты Алакөл, Балқаш көлдері, «Алтынемел», «Жоңғар Алатауы» ұлттық парктері, Жоңғар Алатауының тау массивтері секілді халық жиі баратын орындардың әлеуетіне иек артады. Экологиялық туризмді дамыту мақсатында Бұрханбұлақ сарқырамасы мен Жасылкөлге апаратын жол салу жоспарланған.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы өңірді әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан дамыту және халықтың әл-ауқатын жақсарту бағытындағы жұмыстарды одан әрі жалғастыруды тапсырды.

Дереккөз: Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты (akorda.kz)

ДОСТЫҚ КЕНТІНДЕ

Жетісу облысында жалпы білім беретін жеті мектеп салу жоспарланған, олардың бірі – Алакөл ауданының Достық кентінде. Нысан «Жайлы мектеп» жобасын іске асыру аясында салынуда. Жетісу облысының кәсіпкерлер палатасының өкілдері мектептің құрылыс барысымен танысып қайтты.

ЗАМАНАУИ МЕКТЕП САЛЫНУДА

Мердігер ұйым – «VentKarkaraServis» ЖШС. Аталған кәсіпорын директорының орынбасары Нұрлан Нұрахмановтың айтуынша, 600 оқушыға арналған жаңа мектептің құрылысы ағымдағы жылдың сәуір айында басталған. Бүгінгі таңда монолитті жұмыстар 85 пайызға аяқталды. Нысанды пайдалануға беру ағымдағы жылдың желтоқсан айына жоспарланған.

Мердігер ұйым өкілі құрылыс материалдарын таңдау кезінде жергілікті өндірушілердің тауарларына артықшылық беріледі, алайда, кірпіш, арматура сияқты құрылыс материалдарын Алматыдан тапсырыс беруге тура келетінін айтты.

Достық кентінде мектеп құрылысына 80 адам жұмылдырылған. Өз сөзінде Нұрлан Нұрахманов мектеп жоспарланған мерзімге дейін пайдалануға беруге толық дайын болатынына сендірді.

Өз кезегінде облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Дәурен Оңалбаев елімізде алғаш рет іске асырылған ұлттық жоба отандық компаниялар мен жергілікті тауар өндірушілерді қолдаудың үлкен тетігіне айналатынын атап өтті. Ол республикалық жоба аясында салынған мектептер балалар мен жасөспірімдер үшін өте ыңғайлы болады және оқушылар сабақтарына үлкен қуанышпен қатысады деп үміттенді.

Жетісу облысы кәсіпкерлер палатасының баспасөз қызметі.

МАМАН МІНБЕРІ

ТІЛ – ҰЛТТЫҢ ЖАНДҮНИЕСІ

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – БҮКІЛ ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ТІЛІ. СОНДЫҚТАН ДА «МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ ПРОБЛЕМАСЫ – ТЕК ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҒАНА ПРОБЛЕМАСЫ» ДЕП ҚАРАУҒА БОЛМАЙДЫ. ӘЛЕМДЕГІ БАРЛЫҚ ӨРКЕНИЕТТІ ЕЛДЕРДЕГІДЕЙ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ҚЫЗМЕТ ІСТЕЙТІНДЕРДІҢ БӘРІ БҰЛ ТІЛДІ БІЛУГЕ МІНДЕТТІ.

Онсыз ол мемлекеттік тіл болып есептелмейді. Конституциялық талап осы. Оған қоса мәдениеті жоғары адам басқа тілдерді білуге өзі де ұмтылуға тиісті. Басқа шет елдерде халқының тілін білмесең, лауазымды қызметке орналасуды былай қойғанда, тіпті күніңді де көре алмайсың.

Республикамызда мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту – бүгінгі таңдағы өзекті мәселе. Ал бұл істің шешуі шыдамдылық пен табандылықты талап етеді және тілді үйрету зорлықпен емес, шынайы ынтамен ыңғайланатын шаруа. Қазақ тілін білуге міндеттеу ешкімнің құқығына қол салғандық болмайды. Мемлекеттік тілді білу – кәсіби талап. Қазақстандағы жастар мынаны білуі тиіс: мемлекеттік тілді білмейінше, мемлекеттік органдарда, қызмет көрсету саласында, құқық қорғау органдарында немесе сот саласында жұмыс істеуге мүмкін болмайды.

Мемлекеттік тілде қойылған сұрақтарға сол тілде жауап беруге тура келеді. Уақыт бар, мүмкіндік бар, мемлекеттің қолдауы бар – өз функцияларыңды қажетті деңгейде жүзеге асыру үшін тілді үйрену керек. Бұл әбден қалыпты және өркениетті шарт.

Мөлдір ИСЛАМОВА,
Талдықорған қалалық сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ДИЗАЙН-КОДЫ

ЛЕТНИЕ ПЛОЩАДКИ И ДИЗАЙН-КОД: МНЕНИЕ РЕСТОРАТОРОВ АЛМАТЫ

ЛЕТНИЕ ПЛОЩАДКИ РЕСТОРАНОВ АЛМАТЫ – ВАЖНАЯ ЧАСТЬ ГОРОДСКОЙ СРЕДЫ, И ВОПРОСЫ ИХ ВНЕШНЕГО ОФОРМЛЕНИЯ В РАМКАХ ДЕЙСТВУЮЩЕГО ДИЗАЙН-КОДА, ВЫЗЫВАЮТ ОСТРЫЕ ДИСКУССИИ СРЕДИ ПРЕДСТАВИТЕЛЕЙ РЕСТОРАННОГО БИЗНЕСА, ПЕРЕДАЕТ ПРЕСС-СЛУЖБА НИИ «АЛМАТЫГЕНПЛАН».





На днях НПП «Атамекен» и представители Ассоциации Клуба рестораторов совместно с главным архитектором проекта НИИ «Алматыгенплан» Тахминой Сафоевой вновь обсуждали брендбуки по направлениям дизайн-кода, в том числе по ресторанам и летним площадкам.

В целом представители бизнеса не против преображения в рамках дизайн-кода. К примеру, Бахтияр Махсутов, владелец кафе «Светлое будущее», отметил важность соответствия внешнего вида площадки концепции заведения.

«Мне нравится концептуальность, когда это соответствует стилю заведения, не портит облик здания и вписывается в общий стиль квартала», - сказал предприниматель.

Это мнение поддержали другие участники встречи, подчеркивая, что каждая летняя площадка должна гармонировать с общей архитектурной стилистикой зданий и улиц.

Тахмина Сафоева отметила, что рестораны и кафе всегда на виду и являются своеобразной «визитной карточкой» города как по кухне, так и по внешнему облику, центром притяжения для алматинцев и туристов.

Когда заведения пытаются выделиться среди конкурентов, часто возникает обратный эффект: визуальная перегруженность отпугивает потенциальных клиентов. Летние террасы кафе и ресторанов, как и наружная реклама, могут нарушать облик фасадов зданий и района в целом. Дизайн-код помогает структурировать внешний вид заведений, сохраняя их индивидуальность при этом вписываясь в городской ландшафт. Тахмина Сафоева напомнила, что если у предпринимателей есть вопросы по дизайну вывесок или летних площадок, то можно проконсультироваться у специалистов НИИ «Алматыгенплан» или Управления городского планирования и урбанистики по адресу: пр. Абая, 90.

По данным Бюро национальной статистки к концу 2023 года в Алматы работал 351 ресторан, а также порядка 700-т столовых. Число последних в этом году увеличилось почти наполовину (48%). Это подтверждает, что летние террасы и столовые пользуются большой популярностью.

Поделились предприниматели и своими проблемами – начиная от сложностей с получением лицензий и проверками, до трудностей с водоотведением.

Действующие правила требуют, чтобы у владельца была земля для размещения летней площадки. Однако, из-за недостатка свободных участков, бизнесмены постоянно говорят о необходимости упрощения системы получения разрешения на установку летней площадки.

«Хотелось бы упростить получение разрешений. Иногда сразу после их получения приходят с проверками. Лицензию дают всего на один сезон, хотя ничего не меняется годами. Почему бы не продлить ее сразу на несколько лет?», - задалась вопросом Жанар Исмаилова, владелица одного из ресторанов.

По мнению участников семинара, для улучшения внешнего вида летних площадок нужно не только соблюдать дизайн-код города, но и упростить бюрократические процедуры, а также наладить более гибкое взаимодействие с жильцами и властями. Именно такие проектные встречи помогают выстроить продуктивный диалог между всеми участниками процесса, предоставляя возможность каждому быть услышанным и, в дальнейшем, учесть интересы всех сторон, подчеркнули предприниматели.

Ш. ХАМИТОВ.

СОВЕТЫ СПЕЦИАЛИСТА

РОЛЬ МЕДИЦИНСКОЙ СЕСТРЫ

кардиологического отделения после диагностической коронарографии и АКШ

ЕСЛИ ВЫ ПЕРЕНЕСЛИ ОПЕРАЦИЮ НА СЕРДЦЕ – ЛИБО СТЕНТИРОВАНИЕ КОРОНАРНЫХ АРТЕРИЙ, ЛИБО ШУНТИРОВАНИЕ, ЛИБО И ТО, И ДРУГОЕ. ЧТО ЭТО ЗНАЧИТ ПО БОЛЬШОМУ СЧЕТУ? ЭТО ЗНАЧИТ, ЧТО СОВРЕМЕННЫЕ МЕДИЦИНСКИЕ ТЕХНОЛОГИИ ПОДАРИЛИ ВАМ ВТОРОЙ ШАНС ОБРЕСТИ ЗДОРОВОЕ СЕРДЦЕ, У ВАС ВНОВЬ ХОРОШЕЕ КРОВОСНАБЖЕНИЕ МИОКАРДА, ВЫ СНОВА МОЖЕТЕ ЖИТЬ БЕЗ БОЛИ В СЕРДЦЕ, НЕ БОЯТЬСЯ ФИЗИЧЕСКИХ НАГРУЗОК.

Этап реабилитации после шунтирования очень важен. Реабилитацию после шунтирования следует разделить на три этапа. Первый этап начинается еще в стационаре, когда пациент начинает делать под контролем врача дыхательные упражнения и начинает ходить.

С целью профилактики расхождения грудины в первые 2–3 мес не рекомендуется:

- в положении лежа закладывать руки за голову;
- разводить руки в разные стороны;
- отводить руки за спину (в разных положениях);
- скрещивать руки перед собой;
- поднимать обе руки вверх;
- выполнять упражнения двумя руками;
- передвигаться по кровати, опираясь двумя руками;
- в положении лежа поднимать ноги вверх;
- в положении лежа выполнять упражнение "велосипед";
- выполнять наклоны туловища вперед, в стороны, назад, вращение туловища;
- спать в положении на животе или на боку;
- подтягиваться;
- выполнять отжимание (даже от перил).

Советы по поводу грудного корсета:

- Корсет надевают на нижнее белье, изготовленное из хлопчатобумажной ткани и не раздражающее послеоперационный шов. Категорически не рекомендуется надевать его на голое тело!
- Корсет следует надевать лежа на спине.
- Послеоперационный корсет носят до 3 мес после операции круглосуточно.
- Обязательно необходим отдых от ношения корсета. Периодически на 15–20 мин расстегивайте липучки или крючки. Совершать резкие движения в такие минуты категорически запрещается!
- Помните о том, что корсет должен быть застегнут достаточно плотно, чтобы грудина была неподвижна и хорошо заживала. Сделайте максимально глубокий вдох, затем плотно застегивайте корсет.

Далее второй этап реабилитаций продолжается в санатории или в реабилитационных центрах. Третий этап - амбулаторный. Это самостоятельные тренировки в домашних условиях под четким руководством лечащего кардиолога или терапевта, который с помощью нагрузочных проб может оценит в правильном ли режиме, Вы тренируетесь.

Питание - в первые месяцы после операции большинству больных (кроме больных с почечной недостаточностью) показано потребление достаточного количества белка. Поэтому необходимо включать в рацион мясо (индейку, курицу, говядину), рыбу (кроме осетровых) и нежирный творог. Наилучшие способы приготовления – варка, тушение и гриль. Показано также усиленное потребление продуктов, содержащих железо (гранаты и гранатовый сок, яблоки, гречка) и калий (курага, клюква, киви). Пациентам, получающим варфарин, не следует “увлекаться” зеленым чаем и зеленым салатом. Особенности диеты, предписанной для последующей жизни, во многом зависят от диагноза и объясняются врачом.

Лекарства - рекомендации по приему лекарств индивидуальны и содержатся в выписке. Тщательно изучите их и обсудите с врачом. Обратите внимание, что часть препаратов назначается на определенный период времени, а часть – на всю жизнь. Большинство лекарств, назначаемых при выписке, на сегодняшний день не требуют рецепта. При покупке лекарств сверьте дозировку на упаковке с дозами, рекомендованными в выписке. В лечебном учреждении, где вы наблюдаетесь, вам могут выписать т.н.” заменители” лекарств.

Прогулки - ходьба – идеальный вид физической нагрузки для восстановления после операции. Начинать ходить следует с первого дня после выписки, по ровной местности, постепенно (на 100-200м в день) наращивая дистанцию. При достижении дистанции 5 км непрерывной ходьбы можно начать постепенно наращивать темп. Ходьба должна приносить удовольствие и не приводить к сильной усталости, сердцебиению, одышке и дискомфорту. Во время ходьбы частота пульса может достигать 100-110 в мин.

Если пациент после операции на сердце не занимается своим здоровьем, не посещает кардиолога, то очень высокий процент таких больных снова попадает на операционный стол через несколько лет, т. к. заболевание сердца является хроническим и требует постоянной профилактики рецидива!

Асем ТОКТАКМЕТОВА,
медсестра областного кардиологического центра

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӘЛЕУМЕТ

КӨМІР БАҒАСЫ

ТАБИҒАТТЫ САРЫ ТҮСКЕ БОЯП, ҚОҢЫР КҮЗ КЕЛДІ. КҮЗГІ НАУҚАН БАСТАЛДЫ. ШАРУА БІТКЕН ЕГІНГЕ ОРАҚ САЛЫП, АЛА ЖАЗДАЙ БЕЛ ШЕШПЕЙ КҮТІП-БАПТАҒАН ДАҚЫЛЫНТӨКПЕЙ-ШАШПАЙ ЖИНАП АЛУҒА, АУА РАЙЫНЫҢ АШЫҚТЫҒЫН ПАЙДАЛАНЫП, ҚАРБАЛАС ТІРІЛККЕ КӨШТІ.



Жаз жайлаудан күзекке малын түсірген шопан қауым, күні-түні төрт түліктің егіс алқабына түсіп кетпеуін қадағалап, жайылым жердің кеңейуін күтіп, қыс-қыстаудың қам-қарекетін жасауда. Көгілдір отынға қолы жетпеген шалғай аудандағы тұрғындар да қатты отынды күн жылыда қоймасына тасып алуға ұмтылуда.

Биылғы қыстың қалай боларын болжаушылар әртүрлі айтып жүр. Өткен жылы Жетісу өңірі үшін қыс қолайы болғанымен, Батыс және Солтүстік өңірлер үшін қауіп-қатерлі болды. Қар қалың түсті, оның аяғы көктемдегі су тасқынына ұласты. Үйсіз-күйсіз қалғандарға баспана салынды. Алайда «Күз келді, киіз үйде отырмыз салып жатқан баспананың он екіде бір сайлысы жоқ» деген ақтөбелік тұрғындардың жан айқайы көгілдір экраннан берілген еді. Құрылыс жұмысы тоқтап қалғанын жергілікті атқамінерлер де мойындап, «қайта жандандырамыз қыркүйектің аяғында шулаған жұрт баспаналы болады» деп басу айтты. Қара беріштеніп қалған жараның ауызын қайта тырнап қанату біздің қаперімізде жоқ. Тек жергілікті әкім қаралар өткен жылдан сабақ алып, алдағы қысқа етек-жеңдерін жинап, сақадай-сай отырса деген ақжарма тілек ғана. Қыркүйек айы басталысымен Қазгидромет елдің Солтүстік-Батысы мен Солтүстігінде қатты жаңбыр жауады. Қазақстанның үстіндегі атмосферадағы синоптикалық жағдай оңтүстік циклонмен байланысты болады. Сонымен қатар найзағайлы, жаңбырлы болады. Бұршақ, дауыл және желдің күшеюі де күтіледі. Ауа райы Қазақстанның солтүстүгінде және орталығында+18+28 градусқа дейін, шығыста +20+35 – градусқа төмендей бастайды. Оңтүстік шығыста+13+33 градусқа дейін ал, елдің батысы мен солтүстік-батысында күрт өзгерістер болмайды деген болжамдар айтуда. Демек, күз айында күпі киетін түріміз бар. «Қамданған қапы қалайды» дегенді қаперден шығаруға болмайды. Жер қара күн жылыда отын суды қамдап алған жөн.



Жетісу облысында сегіз аудан, екі қала бар. Ақсу, Сарқан, Алакөл, Панфилов, Кербұлақ ауданының Қоғалы елді мекеніне газ құбыры әлі толық тартылмағандықтан ауыл тұрғындары қатты отынға тәуелді. Облыс орталығына жақын Қаратал, Ескелді, Көксу және Талдықорған қаласының өзінде аулаларына дейін тартылған газ құбырына қосылмай қатты отын тұтынып отырған тұрғындар бар. Газға қосылуға қаражат тапшылығын көлденең тартқандар күз келгенде қатты отын сатып алуға мәжбүр. Осы орайда біз Жетісу облысы Энергетика және ТҮКШ басқармасының басшысы А. Бекетаевқа және Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзілге «Биыл қысқа қанша тонна қатты отын қажеттігін және көмір бағасының құнына қатысты сауал қойып, арнайы хат жолдағанбыз.

Энергетика және ТҮКШ басқармасы берген мәліметке көз жүгіртсек, алдағы 2024-2025 жж. жылыту маусымына дайындық шараларын жүргізу аясында облыс халқы үшін қатты отынның қажеттілігі 428,5 мың тоннаны құрайды. Оның «Қаражыра» кен орнынан – 210,3; «Шұбаркөл» кен орнынан – 218,2 тонна көмір қажет екен.

Жер қара күн жылыда көмір сатып алушылар 77 мың тонна немесе 18 пайыз көмірлерін түсіріп алған. Ал көмір қоймаларының алдында әлі харбалас бастала қоймағанын сатылған 77 мың тонадан ағаруға болады. Әліптің артын бағып жүргендер жайбасарлыққа салынып қапы қалып жүрмес үшін, қазірден қам-қарекет жасауы керек.

Облысқа тәулігіне орташа есеппен 15 вагон, 1035 тонна көмір келуде. Көмір қабылдайтын облыс бойынша 35 көмір тұйығы мен қоймалары (30 т/ж тұйығы мен 5 қойма) жұмыс жасауда. Бүгінде тұйықтар мен қоймаларда 29,8 мың тонна көмір бар (Шұбаркөл» - 16,100, Қаражыра - 13,700). Көмірдің орташа бағасы 18 600-20 000 теңгенің аралығында («Шұбаркөл» - 20 000, «Қаражыра» – 18 600). Темір жол қатынасы жоқ аудандарда жеткізу қызметін қосқанда баға 25 000-28 000 теңгені құрайды (Ақсу және Сарқан аудандарында). Өңірдегі шалғай аудандардың қатарына Панфилов және Алакөл ауданы жатады. Мәселен, Панфилов ауданының тұрғындары үшін қатты отынның қажетті мөлшері 52,2 мың тоннаны құрайды. Бүгінгі таңда 20924 тонна көмір жеткізілген. Тапсырыс берген көлемнен алынғаны 40%; аудан аумағында «Алтынкөл және Құндызды» станцияларындағы темір жол тұйықтарында көмірдің (шұбаркөл) тоннасы 20 350-20 400 теңгеден сатылуда. Аудан тұрғындары жылыту маусымы кезеңіне дайындықты күшейтуге және ауа райының қолайлы сәтінде қатты отынды сатып алу қажеттігі жайлы үгіт-насихат жұмыстары жүргізіліп, тиісті хабарламалар әлеуметтік желілерде және қала округ әкімдері аппараты арқылы әрбір елді мекендерде жұмыстар жүргізілуде екен.

2024-2025 жылға білім беру нысандарына – 2815 тонна, денсаулық сақтау саласына – 436 тонна, мәдениет, кітапхана нысандарына – 174, 60 тонна,

№2 БЖСМ Алты үй – 160 тонна, Панфилов су құбыры – 360 тонна қатты отынмен толық қамтамасыз етілді. Сонымен қатар 2024-2025 жылғы жылыту маусымына дайындық бойынша ауданның әлеуметтік нысандардың жылыту маусымына 2 110 604 литр сұйық отынға келісім-шарт жасалып, 70 пайызы (1 486 148 литр) тиісті мекемелерге жеткізілген. Ал сұйық отынмен жылынатын нысандар бойынша білім беру нысандары 1 479 158 литртің 1 035 410 сұйық отынымен яғни 70% ; денсаулық сақтау нысандарына қажетті 463 000 литрдің 165 600 литрі, (35 пайыз); мәдениет нысандары 107 638; №1 ДЮСШ Жаркент 31 370 литр, Оңалту орталығы КММ (Мерей) 55 000 литр, Панфилов су құбыры 951 356 литрге толыққанды келісім-шарт жасалып, 91 400 сұйық отынмен қамтамасыз етілгенін айтуда.

Көмір бағасына қатысты «Қорғас» шекарасына жақын Алмалы ауы-

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

КӨҢІЛ КӨНШІТПЕЙДІ

лында көмірді жеке тасымалдап жеткізушілер тоннасын 27000 теңгеден әкеліп жатқанын айтады ауыл тұрғыны Болат атты азамат. «Үйім үлкен былтыр өзім машина жалдап барып тонасын 15 600-ден жеті тонна түсіріп алғам, үйге жеткізу бағасын қосқанда 25 000 теңгеге барған. Биыл он тона жағатын шығармын келін жас босанды. Көмірдің тоннасын 18600-ден есептесеңіз 180-200 000-дай қаражат шығады», – дейді ол.

Сарыбел ауылының тұрғыны да «Қаражыра» көмірімен «Шұбаркөлді «араластырып 4-тонна алғанын айтады. «Қазіргі таңда жеке тасымалдаушылар ауылға көмірдің қаражырасын 28000-нан әкелуде. Әрине қымбат. Былтыр аудан орталығындағы қоймадан машина жалдап алып келгем. Үйге жеткізген бағасын қосқанда 25-26 мыңнан айналды», – дейді

Биыл да баға 18 600-20 000 теңгенің үстінде. Баға аспандамаса түспейтіні аян. Амал жоқ, қарапайым шаруалар үшін қалтаға салмақ түсетіні рас.

Шалғайдағы ауданның тағы бірі – Алакөл ауданы бойынша өткен 2023 жылы әлеуметтік нысандарға – 2028 тонна көмір толықтай игерілген. Жеке сектордағы тұрғындарға жоспар бойынша 70696 тонна көмірдің нақты игерілгені 76350 тонна болса, Үшарал қаласындағы орталық жылу қазандығына – 24156 тонна көмір толықтай жағылған. Ал биылғы 2024-2025 жылғы қыстық маусымға, әлеуметтік нысандарға – 2028 тонна қажет болса, бүгінде оның 90 пайызы қамтылған. Ал жеке сектордағы тұрғындарға былтырғы жоспарға сәйкес 70696 тонна қажет, бүгінгі күнде оның 35 пайызы қамтылып, Үшарал қаласындағы орталық жылу қазандығына – 3522 тоннаның 42,6 пайызы жеткізіліпті.

«Қазаншының өз еркі қайдан құлақ шығарса» дегендей, аудан орталығынан қырық шақырым Қабанбайда «Қаражыра» көмірінің бір тонасы 24000 теңге болса, Бескөл ауылында көмірдің тонасы 18 600-20000 теңге көлемінде. Қаражыра көмірінің бағасы 24000 болғанда, Шұбаркөл көмірін одан қымбат болатыны айдан анық. Қабанбай ауылындағы үш топ базда «Қаражыра» көмірінің бағасын бірдей ұстап отыр. Ал оны ауылдарға жеткізу құнын қоссаңыз ауыл тұрғындарының қалтасына біраз салмақ салады. Қыстан қысылмай шығу үшін ауыл тұрғындары бағасы аспандап тұрған көмірге тәуелді.

Қабанбай ауылы таулы аймақ, қысы ұзақ болады. Жыланды округіне қарайтын «Шынжылы», «Көкжар», сондай-ақ, «Үшбұлақ»», «Тоқжайлау», «Кеңес» ауылдары тау бөктеріне орналасқан әрі шалғай, бұл жаққа жеке камазбен тасымалдаушылар көмірдің тоннасын 29000-30000 теңгеге, қысты күні 32 мың теңгеге дейін көтеріп жібереді екен.

«Баға удай қымбат, тау етегінде тұрамыз, қыс ұзақ, амалсыз аламыз. Кейде көмірдің сапасы сын көтермейді. Ұсақ болып келеді, таңдап-талғап алуға мүмкіндік жоқ. Жеке көліктері барлар «Бескөлден барып арзанырақ бағаға алған боламыз. Камаздың жанармайы, ауылға жеткізуі бар тағы соларға шығын, шығады», – дейді Шынжылы ауылының тұрғындары.

Жалпы аудан бойынша қатты отынан бөлек 2023 жылы сұйық отынға қатысты әлеуметтік нысандарға – 1779809 литр жанармай толық игерілген. Мәселен, Достық ауылындағы жылыту қазандығына – 3522 тонна қажет болған. Биылғы жылыту маусымына әлеуметтік нысандарға – 1779809 литр қажет, оның бүгінде 50 пайызы жеткізіліпті. Ал Достық ауылындағы орталық жылу қазандығына былтырғы көлемдегі 3522 тона қажет, бүгінде бұл нысан – 13 пайызға қамтамасыз етілді. Мазут құю жұмыстары жылыту маусымы басталған күннен жүзеге асады екен.

Біз салыстырмалы түрде шалғай аудандар мен облыс орталығына жақын Ескелді, Көксу аудандарындағы бағаны әрі ауылдарға жеткізу құнын да салыстырып көрдік. Мәселен, Көксу ауданына қарасты 10 ауылдық округте 34 елді мекен бар. 2023-2024 ж жылыту маусымында аудан бойынша қатты отын қажеттілігі 29295 тоннаны құраған. Жылыту маусымында қатты отынның бағасы Көксуда, Қаражыра – 18000 тг, Шұбаркөл – 19000 тг болыпты. Аудан көлемінде 2024-2025 жылыту маусымында қатты отын қажеттілігі – 26955 тоннаны құрайды. Өткен жылмен салыстырғанда қатты отын тапшылығы 2340-ға тоннаға кем. Себебі, ауданға қарасты 8 ауылдың 3239 ауласы газ жүйесіне қосылған, яғни 52 пайыз. Биылғы жылы қатты отынның бағасы: Қаражыра – 19000 тг, Шұбаркөл – 20000 тг құрайды. Бүгінгі күнге ауданға қарасты қатты отын тұйықтарында 900 тонна Қаражыра, 300 тонна Шұбаркөл бар. Газдандыру жүйесі бойынша ауданда сегіз ауыл газ жүйесіне қосылған. Сегіз ауылда жалпы 6242 ауланың 3239-ы газ жүйесіне қосылған.

Осы орайда біз аудан орталығынан 35 шықырымда орын тепкен Жетіжал және Алғабас ауылдарының тұрғындарын сөзге тартып көрдік.

Фатих, «Жетіжал» ауылының тұрғыны: «Жалпы жылына 5-6 тонна көмір жағамын, биыл әлі түсіргем жоқ. Былтыр Семей көмірін тоннасын 16000 теңгеден алғам. Ауылға жеткізгенде 20 000 теңге қосымша төледім. Биылғы баға 19000 теңге болса, жеткізу құны сол 20 000 теңге болатын шығар».

Алғабас ауылының тұрғыны Нұрлыхан да былтыр Семей көмірінің тоннасын 16000 теңгеден алып, жеткізу құнына 20000 теңге төлегенін айтты. «Биылғы баға 19000 теңге болса да амал жоқ алуға тура келеді. Шұбаркөлге қолымыз жете бермейді», – дейді ол.

Көксумен іргелес жатқан Ескелді ауданы бойынша 2024-2025 жылы қыстан қысылмай шығу үшін 29 800 тонна көмір қажет. Оның 9 496 тоннасын халық сатып алған. Бүгінгі таңда 170 тонна «Қаражыра көмірі бар. Бағасы 19 мың теңге екен.

Аудан бойынша 33 елді мекен бар болса, соның 8 елді мекені газ жүйесіне қосылыпты. Ал көмірді тасымалдау құны 7-10 мың теңге.

Облыс орталығы Талдықорған қаласында 2022-2023 жылыту маусымына қала халқының көмірге қажеттілігі 75 000 теңгені құраған. Бұл шамамен 8400 үйге тиесілі.Талдықорған қаласы бойынша былтыр тұйықтарда көмір бағасы 18 300-21 900 теңге көлемінде болған. 2024-2025 жылға қала бойынша қыстан қысылмай шығу үшін 70 000 тонна қажет. Қала әкімінің баспасөз қызметі берген мәліметінше көмір бағасы биыл өспеген, былтырғы бағамен деңгейлес. Ал, тасымалдау құны қала ішінде күзгі мезгілде 5000-10000 теңге көлемінде. Бүгінде көмір қоймаларында 9000-нан астам көмір бар. Шұбаркөл көмірінің бір тоннасы – 18 900-21 900 теңге аралығында сатылуда. Қаражыра көмірінің бір тонасы 18 600 теңге, 18 349 тұрғын үй газға қосылған, 7 933 үй автономды жылытылады.

Жылма-жыл азық түлік және коммуналдық төлемдердің қымбаттауы шалғай ауылдардағы тұрғындарға ауыр тиюде. Себеп, тасымалданып алып келетін көмір бағасы да жылдан-жылға аспандап барады. Ал көмірді жеке тасымалдаушылар ауылдарға жеткізуде көлікке жұмсалған жағар-жанармайдың құнынын айтып, ойларына келген бағаны айтады.

«Үш күннен соң, көрге де үйренесің» демекші, көмір бағасы көңілдерін көншітпеген тұрғындар «қажетілік үшін амалсыз аламыз да, қайтеміз» дейді. «Былай тартсаң арба, олай тартсаң өгіз өлетін» нарық заманы бұл. Жергілікті билікте жекенің қолындағы көмірге әмірілік жүргізе алмайды. 2030 жылға дейін «шықпа-жаным, шықпа» деп шыдаса, жетісулықтар көгілдір отынға толықтай қол жеткізетін болады. Алайда, облыс орталығының өзінде осы газ жүйесіне қосыла алмай отырған тұрғындар да бар. «Осыншама қазына байлық қазақтың жерінен шығып отыр. Жанармай, Көмір, Газ, неге жекенің қолына өтіп кетеді, осыны бір жүйеге түсіретін мезгіл болды ғой» деп күйінеді көзі қарақты жандар. «Сен не дейсің, мен не деймін ағайын! «Бір кем дүние»...



Айтақын МҰХАМАДИ

Суреттер ғаламтордан алынды.

Дүйсенбі - Понедельник, 16 қыркүйек

ҚАЗАҚСТАН

06.00.05.00 Әнұран
06.05 «Жәдігер»
06.30,04.00 «інжу-маржан»
07.00 «Tansholpan».
10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.10 Ақпарат
10.10, 18.00 телехикая «зейнеп»
11.10, 19.00 телехикая «Қол созған үміт»
12.10 «Тату-тәтті» реалити-шоу
14.10 «Апта». сараптамалық бағдарлама
15.00 «Жақсылық жаса» қоғамдық-әлеуметтік бағдарлама
16.00 телехикая «Заманда-стар».
17.10 «Қызық екен...»
20.30 «Ашық алаң». қоғамдық- саяси ток-шоу. тікелей эфир
21.25 телехикая «сен қасымда болма- саң...»
22.15 телехикая
23.10 «1001 түні». қоғамдық бағдарлама. тікелей эфир
00.40 «Ашық алаң». қоғамдық сеяси ток-шоу
01.25 «Сана»
02.30 «Тату-татті». реалити-шоу

ХАБАР

05.00, 01.00 әнұран
05:00 худ фильм.
07:00 оян!
10:00 Біздің назарда
10.20 сериал
11.20 мультсериал «артур и минипуты»
12.00 телехикая «фатмагүл»
14.00 Күзде келген көктем
15.00 Келінжан
16.00, 22.50 Қара жәшік
18.00 «әсем әндер»
18.30 Новости
19.00 Ток-шоу «талқы»
19.30 Жаңалықтар
20.00 Бақытты әйел

АСТАНА

06.00 «Қорғаушы ханым» үнді телехикаясы
06.50 «Жұрттың балалары»
07.10 Мультсериал «Маша и медведь»
09.00, 21.00 «Алпарслан» түрік телехикаясы
10.20, 18.50 Сериал «Дурная кровь»
11.30 «жігіттің сабаздары» телехикаясы
13.00 «Күлпәштің хикаялары»
13.45 «Зың зың күлпәш» телехикаясы
16.00 «Шымкент менің махаббатым»
16.50, 00.45 Сериал «пороги»
20.00 «Astanatimes»
21.55 «Адасқан сезім» үнді телехикаясы
23.45 «Тақ тартысы» телехикаясы

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Правда о деле гарри квеберта» телехикаясы
08.00 «Қайырлы таң, қазақстані»
09.00 «Доброе утро. казахстані»
10.00 «Любовь без памяти». многосерийный фильм
14.00 «Новости»
14.15 «Жаңалықтар»
14.30 «qoslike.» бағдарламасы. жаңа маусым
18.30 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Koremiz» багдарламасы жаңа маусым
20.00 «Главные новости»
20.35 «Чужой среди своих»
00.45 Ночной кинотеатр «я не могу без тебя»
01.55 «Новости»
02.10 «Жаңалықтар»
02.20 «Проект «синяя книга» телехикаясы
04.00 «Басты жаңалықтар»

КТК

07.05 Әнім сен едің»
07.30 «Намыс», өзбек телехикаясы.
09.10 Парад юмора», шоу- программа (повтор)
11.10 «Из замкнутого круга», мелодрама
15.20 «Бессмертник»,
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 Астарлы ақиқат new. ток шоу. жаңа маусым
21.00 Вечерние новости
21.40 «Наперекор судь- бе», мелодрама.
23.40 «Шеф, новая жизнь», остросюжет ный детектив
01.40 «Бессмертник», мелодрама (повтор)
03.50 Астарлы ақиқат new (қайталау)
04.35 Кешкі жаңалықтар (қайталау)
05.00 Намыс

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 «Барынды бағала»
09.30 «Әсем әуен»
10.00 «Единый народ»
10.30 «Біздің өңір»
11.00 «Шіркін-ай»
11.45 «Домбыра»
13.00 «Өзекжарды»
13.30 «Шашу»
14.30 «Арнайы репортаж»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Әсем әуен»
17.50 «Алимент»
18.00 «19 аймақ» /тікелей эфир
18.30 «Баспасөзге шолу»
19.00 «Таза мекен»
19.30 «Ғибрат»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00 Әзіл студио
07.00 Ризамын
07.30 Time Vine
08.00 «Қызыл шербет» телехикаясы
09.00 Мультсериал «Маша и медведь»
10.30 TikTok show
10.50 «Доктор дулиттл»
12.50 сериал «Нархоз. Студент көке»
14.00 «Келіндер бейгесі»
15.10 Time Vine
15.30 Кино. «Хищники»
17.50 «Универсальныйсолдат»
20.00 Информбюро (рус., каз.)
21.00 «Пекло»
23.20 Телесериал «Клюквенный щербет»
00.20 «31 әзіл»
02.00 «С новым годом, девчонки!»
03.20 What's up?
04.00 Озіл студио
04.20 1001 Өзіл
04.30 Bala batlle
05.00 What's up?
05.20 Ризамын.

7 КАНАЛ

06.02 т/х «q елі»
06.45, 23.40 т/х «Алданған арман»
07.45 т/х
08.00 т/х
10:00, 20.00 сериал «Великолепный век. хюррем»
11.00 Концерт
12.40 сериал
16.40 Сөздің қысқасы
17.00 т/х «ғаламат ғасыр. хюрем»
19.30 Т/х
21.00 сериал
00.40 жетінші студия
01.50 әке мен әке
02.40 жеңіп көр
04.00 япырай
05.00 құтты қонақ
05.47 үзіліс

Сейсенбі - Вторник, 17 қыркүйек

ҚАЗАҚСТАН

06.05,04.15 «Жәдігер»
06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00.00.10 Ақпарат
07.00 Таңшолпан
10.10, 18.00 Телехикая «Зейнеп»
11.10, 19.00 Телехикая «Қол созған үміт»
12.10 «Тату-тәтті». Реалити-шоу
14.10 «Ақорда»
14.20,01.25 «Әлем жане біз»
14.40 Арнайы жоба
15.00, 21.25 Телехикая
16.00 Телехикая «Заманда-стар».
17.10 «Қызық екен..». Интеллектуалды телевикторина
20.30 «Ашық алаң». Қоғам-
22.15 Телехикая
23.10 «1001 ТҮН». Қоғамдық бағдарлама Тікелей эфир
00.40 «Ашық алаң». Қоғамдық- саяси ток-шоу
01.45 «Сана»
02.50 «Тату-тәтті»
04.40 «Ауылдастар»

ХАБАР

05.00 «Детектив әже» т/х
07.00 «Оян!»
10.00 Народный контроль
10.25 сериал
12.00 телехикая
14.00, 22.00 Телехикая
13.00, 20.00 телехикая «фатмагүл»
15.00 телехикая «Келінжан»
16.00, 22.50 кино
18.00 «Әсем әндер»
18.30 Новости
19.00 ток-шоу «Итоги»
19.30 Жаңалықтар
22.50 сериал «На твоей стороне-2»

АСТАНА

06.00 «Қорғаушы ханым» үнді телехикаясы
06.50 «Жұрттың балалары»
07.10 Мультсериал «Маша и медведь»
09.00, 21.00 «Алпарслан» түрік телехикаясы
10.20, 18.50 Сериал
11.30 Телехикая
13.00 «Күлпәштің хикаялары»
13.45 «Зың зың күлпәш» телехикаясы
16.00 «Шымкент менің махаббатым»
16.50, 00.45 Сериал «Пороги»
20.00 «Astanatimes»
21.55 «Адасқан сезім»
23.45 «Тақ тартысы» телехикаясы

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Правда о деле Гарри Квеберта»телехикаясы
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро. Казахстан!»
10.10 «Модный приговор»
11.05 «Давай поженимся!»
12.00 Многосерийный фильм
14.00 «Новости»
14.15 «Жаңалықтар»
14.30 «QOSLIKE» бағдарламасы. Жаңа маусым
18.30 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Көреміз» бағдарламасы Жаңа маусым
20.00 «Главные новости»
20.35 «Чужой среди своих»
00.45 Ночной кинотеатр. «Я не могу без тебя»
01.55 «Новости»
02.10 «Жаңалықтар»
02.20 «Проект «Синяя книга» телехикаясы
04.00 «Басты жаңалықтар»

КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)
07.30 «Намыс», езбен телехикаясы. С субтитрами на русском языке
09.40 Вечерние новости (повтор)
10.20 Было дело.
11.20 «Шеф. Новая жизнь», остросюжет ный детектив
13.20 Мелодрама
15.20 «Бессмертник», мелодрама.
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат» ток-шоу. жаңа маусым!
21.00 Вечерние новости
21.40 «Наперекор судь-бе», мелодрама.
23.40 «Шеф. Новая жизнь», остросюжет ный детектив
01.40 «Бессмертник», мелодрама (повтор)
03.50 «Астарлы ақиқат new» (қайталау)
04.35 Кешкі жаңалықтар (қайталау)
05.00 «Намыс»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Домбыра»
12.00 «19 аймақ»
12.30 «Баспасөзге шолу»
13.00 «Таза мекен»
13.30 «Аман болайық»/ тікелей эфир
14.15 «Әсем әуен»
14.30 «Ғибрат»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Әсем әуен»
17.50 «Қылмыс»
18.00 «19 регион» /тікелей эфир
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Дала сыры»
19.30 «Сіз не істедіңіз?»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00 Әзіл студио
07.00 Информбюро (рус, каз.)
08.00 «Қызыл шербет» телехикаясы
09.00 Мультсериал «маша и медведь»
10.30 «Универсальный солдат» (повтор)
12.50 Сериал «Нархоз. студент көке»
14.00 «Келіндер байгесі»
15.10 кино «Бегущий в лабиринте. Испытание огнём»
18.10 кино
20.00 информбюро (рус., каз.)
21.00 кино. «Годзилла»
00.00 телесериал «Клюквенный щербет»
01.00 «31 әзіл»
02.30 time vine
02.50 tik tok show
03.20 what's up?
04.00 Әзіл студио
04.20 1001 әзіл
04.30 Bala batlle
05.00 what's up?
05.20 Ризамын

7 КАНАЛ

06.02 «Q-елі»
06.45, 23.40 Телехикая «алданған арман-2»
07.45.09.40 Кухня Великолеп ного Века
08.00, 18.00 Телехикая «Абысындар-2»
10.00, 20.00 Сериал «Вели- колепный век. Хюррем»
11.00, 21.50 Сериал «Челночницы»
13.00 Сериал «Пока стани ца спит»
17.00 Телехикая «Ғаламат ғасыр. Хюррем»
19.30 Телехикая «Дем. Соңғы үміт»
21.00 сериал «Эртугрул»
00.30 «Әйгерім Сейфолланың Сырласуы»
01.30 Телехикая «Әке мен әке»
02.30 «Жеңіп көр». Бағдарлама
04.00 «Япырай»
04.50 «Құтты қонақ» Бағдарлама
05.52 Үзіліс

Сәрсенбі - Среда, 18 қыркүйек

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 05.25 әнұран
06.05,04.40 «Жәдігер»
06.30, 14.00, 17.00, 20.00, 00.10 ақпарат
07.00 «Tansholpan».
10.10, 18.00 Зейнеп
11.10, 19.00 Телехикая
12.10, 02.50 «Тату-тәтті»
14.15, 01.25 «Қос палата»
14.35,04.15 «Ақсауыт»
15.00, 21.25 Телехикая
16.00 телехикая «заманда-стар».
17.10 Қызық екен
20.30 «Ашық алаң» коғамдық саяси ток-шоу
22.15 телехикая
23.10 «1001 түн». қоғамдық бағдарлама. тікелей эфир
00.40 «Ашық алаң». қоғамдық саяси ток-шоу
01.45 «сана»
04.55 «Ауылдастар»

ХАБАР

05.00 т/х
07.00 «Оян!»
10.00 «Неосеть»
10.20 «Көзқарас»
10.45 сериал
12.10, 20.00 т/х
14.00, 22.00 телехикая
15.00 Келінжан
16.00, 22.50 кино
18.00 Әсем әндер
18.30 новости
19.00 ток-шоу «Талқы»
19.30 жаңалықтар

АСТАНА

06.00 т/х
06.50 Жұрттың балалары
07.10 м/с «Маша и медведь»
09.00, 21.00 түрік т/х
10.20, 18.50 сериал
11.30 телехикая
13.00 Күлпәштің хикаялары
12.45 Зың-зың күлпәш
16.00 Шымкент менің махабатым
16.50, 00.45 сериал
20.00 Астанатаймс
21.55 сериал
23.25 Тақ тартысы

ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х
07.00 «Свет и тень» телехикаясы
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.10 «Модный приговор»
11.05 «Давай поженимсяі»
12.00 мн.сер.фил
14.00 «Новости»
14.15 «Жаңалықтар»
14.30 «Qoslike» бағдарламасы
18.30 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Koremiz» бағдарламасы
20.00 «Главные новости»
20.35 Фильм
00.45 ночной кинотеатр.
01.55 «Новости»
02.10 «жаңалықтар»
02.20 телехикая
04.00 «Басты жаңалықтар»

КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)
07.30 «Намыс», өзбек телехикаясы.
09.40 Вечерние новости (повтор)
10.20 «Было дело»
11.20 «Шеф. Новая жизнь»
13.20 «Наперекор судьбе» мелодрама (повтор)
15.20 «Бессмертник», мелодрама,
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 Астарлы ақиқат», ток-шоу
21.00 Вечерние новости
21.40 «Наперекор судьбе», мелодрама.
23.40 «Шеф. новая жизнь»
01.40 «Бессмертник», мелодрама (повтор)
03.50 «Астарлы ақиқат» (қайталау)
04.35 Кешкі жаңалықтар (қайталау)
05.00 «Намыс», өзбек телехикаясы (қайталау)

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Домбыра»
12.00 «19 регион»
12.30 «Ой-сарап»
13.00 «Дала сыры»
13.30 «Әсем әуен»
14.30 «Сіз не істедіңіз?»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Әсем әуен»
17.50 «Процент»
18.00 «19 аймақ» /тікелей эфир
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Мақсатына жеткендер»
19.30 «Агро аймақ»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Келіп көр»
22.15 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00 әзіл студио
07.00 информбюро (рус., каз.)
08.00 Қызыл шербет
09.00 «Маша и медведь»
10.30 tik tok show
10.50 Кино
12.50 сериал
14.00 Келіндер бәйгесі
15.10 Тайм вайн
15.30 Кино
18.10 кино
20.00 информбюро (рус., каз.)
21.00 кино
23.10 телесериал «Клюк венный щербет»
00.10 «31 әзіл»
01.00 кино
02.30 time vine
02.50 tik tok show
04.20 1001 әзіл
04.30 Бала батл
05.00 what's up?
05.20 әзіл студио

7 КАНАЛ

06.02 «Q-елі»
06.45, 23.40 телехикая «Алданған арман-2»
07.45 Кухня «великолепного века»
08.00, 18.00 телехикая «Абысындар-2»
10.00, 20.00 сериал «Вели колепный век. хюррем»
11.00, 21.50 сериал
13.00 сериал
17.00 телехикая «Ғаламат ғасыр. Хюррем»
21.00 сериал «эртугрул»
00.30 late night show with Динара Сатжан
01.30 телехикая «Әке мен әке»
02.30 Жеңіп көр». бағдарлама
04.00 «Япырай»
04.50 «Құтты қонақ» бағдарлама
05.52 үзіліс

Прошу считать недействительным ИБР №729066 выданный ИП «Мадиев М» ИИН 610514300211

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ТАҒЗЫМ

ТАУТҰЛҒА

ТАҒДЫРДЫҢ ТАЛАЙ СЫНЫНА ТӨТЕК БЕРІП, ТАУЫ ШАҒЫЛМАЙТЫН ҚАЙСАР АЗАМАТТАР БОЛАДЫ. АУЫЛДА ТУЫП, АУЫЛДА ӨСІП, АУЫЛДЫҢ ТІРЕК-ТҰТҚАСЫНА АЙНАЛҒАН БОЛАТ НӘБИҰЛЫ МАКЕТОВ ШЫН МӘНІНДЕ ТАУ ТҰЛҒАҒА АЙНАЛҒАН АЗАМАТ ЕДІ.

Өзін көрдік, сөзін тыңдадық, соңына із қалдырған ісіне ризашылығымызды білдірдік. Алғашқы таныстығымыз сонау Бөрлітөбеден басталған. Лепсі мұнай базасының 50 жылдығында жан-жақтан жиналған меймандардың арасында Болат Нәбиұлының еңсесі биік көрінген. Кезегі келгенде сөз алды, ірілігі айтпай танылады, айтары айқын, ойы терең. Жиын соңында амандасып, қолын алып, бұған дейін атын ғана естіп жүрген ағамызбен дидарласып, аз-кем пікірлесуге уақыт таптық. Кейіннен Сарқанға қызмет бабымен ауысып келгенде Болат Нәбиұлымен жиірек жүздесіп жүрдік. Бірде ел аралап, шешендік нақыл-толғауларды теріп жүрген тілші-ғалымдарды апарып, көне сөзді көп білетін ағамызбен тілдестіргеніміз бар. Енді бірде Алмалы орта мектебіне екеуіміз де ақын ретінде шақырылып, оқырмандар алдында өлеңімізді оқыдық. Бөкеңнің ақиқатқа негізделген оқиғалы өлеңдерін бұрын да жарыққа шыққан газет-журналдары, кітаптары арқылы білетінмін, осы жолы автордың өз аузынан естіп, жақынырақ тануыма мүмкіндік туды.

Болат ағамыздың тірлік сапары шектелгеніне де жиырма жылдан асты. Содан бері Макетовтар отбасының алтын діңгегі Алтынбала анамыз жарияланған және жарияланбаған өлеңдерінің басын қосып толымды томды оқырмандарына ұсынды. Содан бері Болат ағаның ізі қалған өңірде өркенді өзгерістер болды. Колхозды басқарып тұрғанда өзі бас болып, жоба-жоспарынан бастап іргетасын қалап, аяқталғанға дейін құрылысын қадағалаған Мәдениет үйі жөндеуден өтіп, үлкен жолдың бойында ел назарын аударуда. Болат аға есімін бергізген Кәкімжан ағаның ескерткіш-кеуде мүсіні осынау мәдениет ошағының алдынан орын тепті. Бөкең бастамасымен орталыққа ажар берген саябақ та кейінгі жылдары тазаланып, абаттана түсті. Бөкең салған соқпақ кеңейіп, заманауи сипатқа енді. Тәуелсіздік алған жылдары Бөкең атын жаңғыртқан көшелер де көріктене түсті. Бөкеңнің өз атындағы орталық көше қалалардың даңғылдарынан кем емес, күндіз гүлзарымен көрікті, түнде шамшырағымен шұғылалы.

Бөкеңнің соңында қалған ұлқыздары әке аманатына адал болды. Мейрам бастаған, білікті маман болып қалыптасқан Макетовтардың бүгінгі буынының ұйымшылдығын білетіндер жыр қылып айтады. Осының барлығын ақыл-парасатпен басқарған Алтынбала анамыз немере-шөберелерінің ақылман әжесіне айналған.

Ежелден тектіліктің тұқым қуатыны айнымас ақиқат. Болат ағамыздың көшелі көсемдігі, жүйелі шешендігі, ақпа-төк ақындығы кімнен дарыған деген сауалды Алтынбала анамызға қойып, толыққанды жауап алдық.

Макетов Болаттың әкесі Қажы-Нәби 1912 жылы Семей облысы, Аягөз ауданы, Сервиополь ауылында қазіргі Құрайлы елді мекенінде дүниеге келіпті. Оның әкесі Ақай қажы сол аймақтың ауқатты адамдарының сапында болған көрінеді. Ақай қажыдан Қажы-Нәби, Кәрім атты екі ұл, Жаңылшақ деген қыз қалыпты. Бүгінгі таңда Қажы-Нәбиұлы Болаттың ұрпақтары Қойлық ауылында, кезінде заң институтын бітіріп, үкіметтің заң саласындағы мүшесі болып қызмет атқарған Кәрімнің соңында 4 бала қалған, Жаңылшақ ападан да ұрпақ тараған.

Ақай қажы Меккеге барған сапарында Иранда дүниеге келген баласының есімін Қажы-Нәби қойыпты. Ауқаттылығының арқасында Қажы-Нәбиді Қазан қаласында оқытқан әке үміті ақталыпты. 1936 жылы оқуын бітіріп, Жетісу өлкесіне келген Қажы-Нәби Макетов Сарқан ауданындағы «Энергия» колхозында мұғалім болып, осы ауылда Бәтиман атты қызға үйленеді.



Ұлы Отан соғысы басталғанда осы колхоздың мектебінде директор болып жүрген Қажы-Нәби соғысқа аттанғанша Үлгі ауылында, Қарауылтөбе ауылында мектептерді басқарыпты. 1942 жылы әскерге алынып, Ақтөбе қаласында саперлар курсын бітіріп, майданға аттанған Қажы-Нәбиден 1943 жылы қара қағаз келеді. Осылайша Болат әкесінен тәй-тәй басып жүрген кезінде айырылса керек.

«Біз «Энергия» колхозында тұрғанда Болат шаруашылықта бригадир болып жұмыс істеді. Бір күні Абай ауылындағы мектеп директоры Рашид Досжанов үйге келіп Болатқа әкесінің суретін табыс етті. Содан бері атамыздың суретін үлкейтіп алдық та, балалар әлі күнге дейін жансыз бейнеге қарап тағзым етеді», – дейді Алтынбала ана.

Еңбек жолын аға шопандықтан бастап, кейіннен білімін жетілдіріп, жоғарғы оқу орнын бітірген Болат ағамыз ауданның атпал азаматтарының сапынан көрінді. Өзі туып-өскен «Энергия» колхозында бригадир, бөлімше меңгерушісі, ауылдық атқару кеңесінің төрағасы қызметтерін атқарып, іскерлігін танытқан соң аудандық партия комитетінің ұйғарымымен Ленин атындағы колхоздың төрағасы болып сайланады. Міне, осы қызметте абыройға бөленген Бөкең елге турашылдығымен, біліктілігімен жақты.

Ойындағысын ірікпей айтатын азаматтың тағы бір қаруы – өлеңі болатын. Қарауындағылардың қисық-қыңыр істерін бір-ер шумақ өлеңмен түйреп түсетін, әжуалайтын. Еңбегімен елеңгендерді мақтап, қанаттандыратын. Осылайша бойына ата-тек қанымен біткен өлеңінің аясын кеңірек кеңейте түсті.

Поэзия – ақындық қабілет қонған адам жанының төл туындысы. Онда, әрине, адамның ой теңізінің толқындары, көңіл күйінің арпалыс сәттері, арман-мүддесі мен тілек-мақсаттары көрініс табады. Бөкең ағамыздың өлеңдерінен туған-өскен ортасына деген сүйіспеншілік меңмұндалап тұратын.

Ақ сүтіңе қарызбын, жаным анам,
Білдіртпей жетімдікті болған панам.
Мен үшін тірлігіңде не көрмедің,

Басыңнан өтті сенің қилы заман – деп анасы Бәтиманға жүрегін жарып шыққан жыр жолдарымен тағзым етеді. Балалары Мейрам, Бақытжан, Бағдат, Сәуле, Махаббатына әкелік жан жылуын өлеңімен сыйлайды.

Әдетте поэзияға шыншылдық керек дегенді көбірек айтып жатамыз. Болат Мәкетов өлеңдерінің бәсін арттырып тұратыны да осы шыншылдығы. Ол өз мінезін өлеңіне көшірген ақын. Сондықтан оның өлеңдерін іздеп жүріп оқып, жадына тоқитын оқырмандырының көптігі заңдылық.

Баласы Қажы-Нәби Болат атым,
Қазағынан Орта жүз шыққан затым.
Қосылып Алтынменен өскен жерім,
Көрмедім Сарқанымдай жер жәннатын

– деп өз өмірбаянын көзі тірісінде өлеңмен өрнектеген ағаның ақындығы жеке бір зерттеуге арқау болары анық.

Сөздің ақиқатына келгенде туған жеріміздің тау тұлғасына деген құрмет сезімімізді әлі де толық атқара алмай келеміз. Алыстаған сайын биіктейтін таулар сияқты Болат Нәбиұлын ортамыздан алшақтатқан уақыт оның қадірін еселей түсуде. Соңына елді мекеннің бас иесіне айналып, айшықты із қалдырған, қаламынан туған өрнекті, өміршең туындылары арқылы уақыт бедерін бейнелеген рухани мұрасын келешекке табыстаған Макетов салған сара жол жалғаса түсері анық.

Жомарт ИГІМАН

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

«МЕКТЕПКЕ ЖОЛ» АКЦИЯСЫ ӨТТІ

ЖЕТІСУ ГАРНИЗОНЫНА ҚАРАСТЫ 18404 ӘСКЕРИ БӨЛІМІ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ОТБАСЫ МҮШЕЛЕРІМЕН ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН «МЕКТЕПКЕ ЖОЛ» АКЦИЯСЫ ӨТТІ.



Аталмыш бөлімнің басшылығы мен жеке құрамы қайырымдылық акциясына белсене қатысты. Олар көп балалы және мүмкіндігі шектеулі отбасыларының балаларына мектепке қажетті құрал-жабдықтарымен көмек көрсетті. Сонымен қатар, қайырымдылық шараға ат салысқандар демеушілік танытудан аянып қалмады. Атап айтсақ, «Форте банк» акционерлік қоғамы көп балалы әскери қызметшілердің он сегіз баласына оқу құралдары мен мектеп сөмкелерін табыс етті. Балаларға қажеттіліктерін тапсыру барысында жаңа оқу жылын жақсы нәтижемен аяқтауларына сенім білдіріп, сәттілік тіледі.

«Бөлімде жеке құрамның отбасыларымен тығыз қарым-қатынас орнатылған. Қайырымдылық шараларына да әскерилер өз үлесін қосып келеді. Осындай қайырымдылық шаралары алдағы уақытта да өз жалғасын табады деп сенемін», – деді 18404 әскери бөлімнің отбасы мүшелерімен жұмысты ұйымдастыру комитетінің төрайымы Айсұлу Джумакеева.

Көмек қолын созған жандарға ата-аналар мен бүлдіршіндер өз алғыстарын білдірді.

Жетісу гарнизонының баспасөз қызметі.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӘҢГІМЕ

«БӨТЕН»



Шынын айтсам, бильярд ойнауға ықыласым да, артық ақшам да жоқ еді. Тек, қолына қарға тышса бітті, тас ұруға асығатын жора-жолдастардың бірі жолығып қалар деген есекдәмемен бас сұға салған болатынмын. Шақырайған ыстықтан быршып терлеп, таңдайым кеуіп, қаталап қалыппын. Бір-екі саптыаяқ сыра өңештен өтсе, шаршағаным басылып, көзім шырадай жанбасына кім кепіл?.. Санамда осы ой сап еткені мұң екен, аяқтарым өзі сүйрей жөнелді. Жайлап төмен басып келемін.

Жертөле қабаттағы бильярд залы әдеттегіден де күңгірт көрінді. Даладан келгесін бе, көзім үйренбей, босағада сәл кідірдім. Ат шаптырым зал ішінде өлі тыныштық. Шамасы, дивандардың біріне сұлай салған болуы керек, барменнің өзі жоқ. Тек түпкірдегі бір үстелдің ғана жарығы жанып тұр. Соған қарай аяңдадым. Алпамсадай жігіт ағасы тақта бетіндегі шарларға тесірейе қарап қалыпты. Құдды бір мүсін сияқты. Ту сыртына кеп тұрған мені аңғармады.

Қашанғы қалшиямын, ақырын жөткеріндім де, барға қарай жүрдім. «Тас мүсінге» де жан бітті. Жақтырмай көз тастады да, қызыл шармен лузаның аузына тақау тұрған бір шарды гүрс еткізді. Соққысының мықтылығы сонша, шар үстелден секіріп кетті.

Топшылағанымдай, бұйрабас барменді диванда жатқан жерінен таптым.

– Бүгін ерте келдіңіздер ғой, қай үстелді аласыздар? – деді ол көзін тырналап.

– Әзірге жалғыз өзім. Тағы біреулер кеп қалса, көре жатармыз. Сыраңнан құйшы!

– «Восточный» ма, «Кружка свежего» ма?

– Бәрібір. Соңғы келген кегаңнан құй.

Бейтаныс бұл кезде босқа шығын болған уақытының өшін алғысы келгендей өршелене ұрып жатты. Мен оған қапталдас, Лев Толстойдың «Нигде и ни в чём так не проявляется человеческий характер, как за бильярдным столом» деген сөзі жазылған қабырғаға тақау үстелге жайғастым. Бекер отырмай жаңа бір тәсіл үйреніп қалайын деген ниетім де жоқ емес сияқты. Көзім бейтаныс бильярдшыда.

Байқаймын, осал ойыншы емес. Шойыннан құйғандай шомбал денелі, бұлшық еттері шиыршық атады. Қимылы шалт. Кийді ұстауы да мығым. Көп көздеп жатпай, сілтей салады да, үстелдің келесі жағынан бір-ақ шығады. Аппақ кроссовкасы жалт-жұлт етіп, қара көлеңкені кескілеп жүр. Алайда түп-түзу ұрған шарларының көбі тесікке түспей, діңкесін құртты.

– Әкесс… – деді ол бір уақытта маған қарай бұрылып. Көкшілдеу көзі от шашып тұр екен. – Кий ұстамағаныма отыз жылдан асыпты. Кел, ойнайық!

– Аға, мен бәлендей ұра алмаймын.

– Менің де қырып жатқаным шамалы. Қанша дегенмен, екеудің аты – екеу ғой. Серік бол.

– Е, мейлі, – деп келісе кеттім.

– Бауырым, – деді ол бар жаққа дауыстап. – Мына жігітке ішіп отқан сырасын, маған өзімдікін әкел!

Кепкімді шешіп, кий таңдауға кірістім.

– Есімім Берік, – деді ол қызыл шарды зып еткізгесін барып. Жүзіне күлкі үйіріле бастады.

– Дәулет!

Екеуміз қол алыстық.

– Міне, көрмейсің бе, екеудің аты – екеу, қол шыға бастады.

Ол осыны айтты да, келесі шарды ұрды. Кірмеді. Кезек маған тиді. Менің ұрған шарым қаңғып барып басқа лузаға еніп кетті.

– Дурак қой! – дедім ыңғайсызданып.

– «Дурак в штанах». Бильярдта ақымақ шар болмайды. Ол – сенің несібең. «Своякка» бейім екенсің, ә? Мен тек чужой ұрамын! То есть, ұратынмын. Оның өзінде тек қызылмен!

– Бильярдты қайдан үйреніп жүрсіз? – дедім, әңгімені жалғастырудың басқа ретін таппай.

– О! Әкемнен үйренгем. Әкем «детдомский» ғой. Қолынан келмейтіні жоқтын. Бильярдтың пірі еді. Төбелесті де соятын, нағыз «мужик» болатын. Небір дәулеріңді бір-ақ ұрып ұйықтататын. Біздің ауылда оған тұрған адам жоқ.

Кеудесін көтеріңкіреп, соңғы сөйлемдерді мақтанышпен айтты. Төбелес әлемдегі мен араласпайтын жалғыз тақырып еді. Бұрылып бара жатқан кепті бастапқы бағытына салып, сұрағымды басқаша қоюға тура келді:

– Совет үкіметі кезінде, бильярд аса тарала қоймапты деп естіп ем. Сонда ауылдарыңызда бильярд болды ма?

– Басқаңды қайдам, біздің ауылда болды. Оны да директорға айтып алдыртқан әкем екен. Інім екеумізге өзі үйретті.

– Іниіз де мықты бильярдшы шығар.

Қарсыласымның қабағы кіржің етті. Менің сөзімді естімеген сыңай танытып: «чужой!» – деді өктемдеу үнмен, ұрғалы тұрған шарын иегімен нұсқап. Қызыл шармен сыртынан соққанымен, кірмеді, қайта келесі шар барып лузаның аузына тұра қалды. Түртіп қалсаң лып еткелі тұр, оңай тасты ұруға жаңа ғана танысқан кісіден ыңғайсыздандым.

– Ұр! – деді ол бұйырып. – Қателескендерді жазалау парыз!

– «Чужой» – дедім мен де.

– О, екі шарың бар. Жарайсың, жігітім! Кел, осы шарың үшін ұрттап қоялық.

Сырамен бірге ойын да қызып, қыпқызыл тартысқа айналды. Ол қанша оңай олжа тұрса да қызыл шарды соғады. Мен қайсының ыңғайы келсе, соны ұра саламын. Бұл енді он бес адамның бір адамға жабылғаны сияқты әділетсіздік көрінсе де, оның таңдауы еді. Ұтылып алға шыға бастадым. Қарсыласым күреңітіп, одан сайын ерегесе түсті. Неше жерден жеңіліп бара жатса да, оның оңай шарды олжа тұтпасын ұқтым.

– Жүр, темекі шегіп қайтайық, – деді қарсыласым менің кезекті шарымнан соң саптыаяқты төңкеріп тастап. – Қайтып келгенше екіншісін құйдырып қоямын!

Шылым тартпайтын едім. Көңілін қалдырмайын деп қана соңынан ердім.

– Өзің кім боп істейсің? – деді ол темекісін тұтатып жатып.

– Өзіммен өзім, еркін адаммын.

– Немен күн көресің?

– Оны-мұны түртетінім бар. Жұрттың кітабын жазып беремін.

– Охо, – деді серігім танауынан түтінін будақтатып. – Сен нағыз маған керек адам екенсің. Егер менің өмірімді жазсаң – нағыз кино! Драма! Трагикомедия! Жазасың ба?

– Айтып көріңіз.

– Айтсам, атам молда кісі екен, репрессияда сотталып кетіпті. Өте сабырлы, тақуа кісі боптыы, – деп бірінші темекіні мыжғылап сөндірді де, іле екіншісін езуіне қыстырып. – Әкем детдомда өсіпті. Апасы туыстардың қолында қалыпты. Детдомнан қашып шығып ауылға кеп, апасына тиіскендерді төмпештеп тұрады екен. Армиядан келген соң Ресейде жұмыс істепті. Ол жақтағылар сыйдыртпаған соң елге оралып, үйленеді. Мұндағылармен де біраз қырқысыпты.

Мұндай мысал әр ауылдан кездеседі емес пе, зая кетер уақытымды ойлап, тықырши бастадым. Желкесі шүйдей, шашы кірпідей ағамның қаперіне ештеңе кіріп шығар емес, көкшіл көздерін сығырайтып алып, терең ой құшағында отыр. Қарбыздай ірі басты анау бұқа мойынның өзі көтере алмағандай, төмен салбырап барады.

– Сырттан келген соң ба, ауылдағылардың бәрі бізге өштұғын. Әкемнің де жұдырығы аз тимесе керек. Інім екеуміз ересек балалардан күнде таяқ жейміз. Әкем соның бәрін сезіп жүрсе де, қыңқ демеді. Жұмыстан келгесін бізді жаттықтыратын. Қораның іші спортзалдан кем емес.

«Қайда барсаң, Қорқыттың көрі», төбелестен құтылмайтын болдым-ау дедім ішімнен. Алайда ақыр соңына дейін тыңдайын деп шештім. Көрейік, қандай «кино» екенін.

– Тоғыз оқып жүрген кезім. Жеті оқитын інімді оныншыда оқитын арғы көшенің баласы сабап жіберіпті. Үстібасы ала-дала қан. Әрең шыдап жүр едім, іздеп барып, қораның артына шығарып, сілейтіп салдым. Қолым қатты тигені сондай, мұрны сынып қалды. Қан бұрқ етті. Ойбайлап қашып ол кетті. Кегім қайтқанына мәз болған мен әрі қарай доп қуалай жөнелдім.

– Аға, әңгімені ішке барып жалғастырайық. Бильярд қосулы қалды ғой. Ақшасы текке жүріп жатыр.

– Қорықпа, өзім төлеймін. Таксист демесең ағаңда ақша жетеді.

Назарымыз сөзге ауған соң ба, жоқ әлде сыраның әсері ме, одан әрі ойынымыз онша мандымады. Есесіне, мәжіліс қыза түсті.

– Содан кешке үйге келсем, ауладан шаң-шұң айқай шығады. Мұрны сынған баланың шешесі көшені басына көтеріп жатыр. Жүрегім су ете қалды. Жаза бассаң, жон терімнен таспа тілетін әкемнің мінезі белгілі. Біттім дедім. Дегенмен жағдай басқаша өрбіді.

– Ұрғаның рас па? – деп сұрады әкем. Өтірік айтсаң – өлгенің.

– Рас, – дедім мұрнымның астынан.

– Неге ұрдың?

– Ол өзі бірінші Сәбиттің (інімнің аты) мұрнын қанатыпты.

– Жабылдыңдар ма, жекпе-жек шықтыңдар ма?

– Бірге-бір төбелестік.

Әкемнің қабағы жадырай бастады. Өзі көп сөзге жоқ адам еді, тамағын кенеп алып, былай деді:

– Бүкіл ауылдың баласы жабылып, менің ұлдарымды күнде ұрады. Бұлар бір рет те жылап келген емес. Мұрны сынса, бірінші тиіскен өзіңнің балаңнан көр. Ұлым, дұрыс істегенсің. Өзің ешкімге тиіспе, тиіскенді аяма!

Соқталдай ұлын жетектеп, шешесі шарбақтан шығып кете барды.

О, бұл әкемнен өмірімде бірінші рет естіген мақтауым еді. Екінші рет, он жеті жасымда, бильярдтан өткен ауылішілік турнирде оның өзін жеңіп, бірінші орын алғанымда арқамнан қағыпты.

Әкем інім екеумізді ертіп ұзақ жүрді.

– Мен осы күнді – сендердің ержеткендеріңді қанша күттім! – деді ол тебіреніп. – Міне, өз қолдарың өз ауыздарыңа жетті деген – осы. Енді ешкім сендерді басынбасына көзім жетті. Өмір бойы бір-біріңе қорған боп жүріңдер! Менікі-сенікі деген болмасын. Екеуің өзара қырқыссаңдар, мен көрде тыныш жата алмаспын!

Сөзін бөлуге тура келді:

– Аға, ұратын кезек сіздікі. Анау бұрышта әдемі «чужой» тұр. «Енеңізді» алып сарт еткізбедіңіз бе, – дедім қарсыласыма жаным ашып.

– Көрмегенім «ене» болсын, – деді ол. – Әкем мұндайды көзін жұмып киргізетін.

Ол барын салып ұрғанмен шар кірмеді. Манағыдай емес, залдың іші қараң-құраң адамға толыпты. Босаға жақтағы бір топ гүж-гүж етіп, барған сайын дауыстары зорайып барады.

– Жарайды, әкем туралы айтқанымның бәрі кіріспе, – деді серігім кезекті рет шылым тартуға шыққанда.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӘҢГІМЕ

– Нағыз «қызық» жеріне енді жеттік. Сонымен, оқуымды бітіріп, армияға барып келдім. Мен әскерде жүргенде әкем дүние салыпты. Көп кешікпей үкімет құлады. Ауылдың тоз-тозы шықты. Енді елде қалудың еш мәні жоқ еді. Тәуекелге бел буып, коммерцияға шықтым. Жұрт сияқты ұсақтамай, бірден Ресей мен Қазақстан арасында «КАМАЗдап» тауар тасыдым. Күш бар, жүрек бар, жас кезім. Бірді бірге сапырдым. Несін жасырайын, қыз-қырқынға да қырғидай тидік. Сөйтіп жүріп, Сарыкөлдің бір қызына ғашық боп қалдым. Махаббат деген өзі бір қиын нәрсе екен…

Түрінен романтиканың ізі де білінбейтін құждай ірі жігіт ағасының мұншалықты нәзік жүректілігі таңғалдырып, бетіне үңілдім. Езуі ыржиып, жүзінен мейірім төгіліп, риясыз жымияды.

– Содан үйлендік. Жеңгеңмен жырма бес жылдай отастық. Ол өзі бір үйдің жалғыз қызы екен. Шешесі де жалғызбасты. Не керек, мені ауылда тұруға көндірді. Менікі «қолында тұрды» деген аты ғана, үнемі жолда, саудадамын. Тұңғыш қызым туғанда шешем ізден келді. Құрақ ұшып күттік. Бұл кезде інім де қалада, бойдақ, шешем қара шаңырақта жалғыз тұрып жатыр еді. Апта сайын соғып, керек-жарағын дүмпе апарып тұрған соң ба, ол жалғызсырайды деген ой үш ұйықтасам түсіме кірмепті. Кетерінде оңаша шығарып алып: «Қалқам-ау, өз шаңырағыңа кім ие болады? Сәлімгерейдің ұлы күшік күйеу боп жүр» деген атқа қалдық-ау!» – деп көзіне жас алды. Албырт шағым, «осыдан біреу «күшік күйеу» деп көрсін, мойнын бұрап жұлып аламын», – дедім ақымақ басым.

Көп ұзамай анамның сырқаты білінді. Жанұшырып емдеткенімізбен бәрі кеш еді. Мен бірден қаладан үш бөлмелі үй алып, көшіп келдім. Анамды қолыма алдым. Алайда аңдыған ажал қоймады, інім екеуміздің көз алдымызда көз жұмды. Қолымыздан ұстап тұрып, соңғы айтқан сөзі: «Тату болыңдар. Келіндерді ренжітпеңдер. Боқ дүниені қуа беріп қайтесіңдер?» – болды.

Оның алдындағы сапарда Троицкінің түбінде бір топ бұзықпен соқтығысып, пышаққа түскен едім. Олар бізге: «Шекарадан өткендерің үшін «дан» төлеңдер», – деді. Біз келіспедік. Өгіздей біреу «КамАЗ-дың» алдында маңдайыма пистолет тіреп тұрып алды. Он қадамдай жерде інім үш адаммен айқасып жатыр. Әлден уақытта біреуінің пышақ алып шыққанын көріп, тұра ұмтылдым. «Атып тастайды-ау» дегенді тіпті ойламадым. Пистолет шаңқ етті. Басымнан асыра аспанға атыпты. Абырой болғанда інімді құтқарып қалдым. Өзімнің арқама пышақ қадалды… Шешем соны сезіп қапты. Құрсын, айтайын дегенім ол емес.

Серігім жүзін кері бұрып, тағы бір шылым тұтатты.

– Өмір бір орында тұрмайды. Анамнан айрылғанмен, қызым бар. Тіршілігіммен айналыса бердім. Тек бұрынғыдай інімді ертпейтін болдым. Мен «ұлым болса, спорт үйірмесіне берсем» деп армандайтынмын. Бірақ маған ондай бақыт бұйырмады. Есесіне, қызымды ұлдай қылып тәрбиеледім. Жалғыз тал гүлім ол үмітімді ақтағандай да болды. Таэквондодан тоғыз рет чемпион атанды. Ресейдегі ақылы университетке заң факультетіне оқуға түсірдім. Үшінші курс оқып жүргенде халықаралық жарысқа қатысты. Өз салмағындағы жігіттердің өзін шақ келтірмей, жеңісті жұлып алды. Қан деген жібермейді ғой… Жарыс біткен соң бір генерал-лейтанат келіп: «Осындай мықты қыз тәрбиелегеніңізге рақмет!» – деп қолымды қысты. Oh, менің қызым дегенде шығарға жаным бөлек еді. Ол да солай сияқтытын. Мұғалімдері он мың теңге жалақы алып жүргенде, қызыма отыз бес мыңның етігін кигіздім… Жалғызымнан немді аяйын?

Оның маңдай терісі жолбарыстай жиырылып, сұстана бастады. «Қап, жалғыз қызынан ерте айырылған екен ғой» деп топшыладым іштей. Неткен аянышты тағдыр еді.

Иә, мен одан ерте айырылдым, – деді ол ойымды оқып қойғандай. – Өкініштісі, мен одан тірідей айырылдым. Қазір көрмегеніме он жылдан асты. Үлкен жиенім он үште… Бір қалада тұрып, балаларымның бетінен сүйе алмаймын.

Тамағыма өксік тірелгендей болды. Ішімді әлдебір жалын шарпығандай күйдіріп өтті.

– Өзің үйленгенсің бе? – деді ол бойын тіктеп.

– Ажырасқанмын.

– Мен де. Бірақ мен өз еркіммен емес, әйелімнің өтінішімен айырылыстым.

Не айтарымды білмесем де, бірдеңе демекке оқтала беріп едім, серігім басын шайқады. Мұнысы сөзімді бөлме деген емеуріні деп ұқтым.

– Жеңгең де мені керемет сүйетін. Ұл тауып берсем деген арманы зортұғын. Бірақ бірінші баладан соң кесел жабысып, дәрігерлер жатырын алып тастады. Бара-бара дерті ұлғая берді. «Берік, сенен тұқым қалу керек. Ұл тудыр. Шаңырағыңды құлатпа. Мені жайыма қалдырып, үйлен!» – деп қыңқылдауды шығарды. Басында ауруы жанына батқан соң далбасалап айтады-ау деп ойлайтынмын. Жоқ, шын ниеті солай екен. Енді, мен де ауалана бастадым. Дегенмен қызымның теңін табуын күттім. Ол күн де келіп жетті. Қызым өзімен бірге жұмыс істейтін бір жігітке тұрмысқа шығатынын айтты. Дүркіретіп тойын өткіздік. Тұңғыш жиенім өмірге келген соң бір күні шақырып алып, шешесі мені «құтты орнына қондырмақ» ойы барын жұқалап жеткізді. Мұны естігенде қызым жұлқынып шыға келді. «Жоқ, келіспеймін! Шаңырағың құламақ түгілі ортасына түссін. Шешемнің қасында боласың!» – деп шаптықты. Анасының ақылын құлағына қыстырмады… Алайда енді бәрі кеш еді. Мен қарамағымда істейтін өзімнен жиырма бес жас кіші бір қызбен көңіл қосып, сөз байласып қойған болатынмын. Оның аяғы ауырлай бастағанда, бәйбішеме үш бөлмелі үйімді, көлігімді, жеткілікті ақша қалдырып, екінші рет үйлендім. Көп кешіктірмей, қызымның мүлік даулаған «хаты» келді. Шешесін ажырасуға арыз жазуға көндіріп, күштеп қол қойдырыпты. Ол кезде мен де бизнесімнен бөлек үш үй бар еді. Заңмен құдаласа, түксіз қалдырар деп, бір үйімді інімнің, екінші үйімді жас келіншегімнің атына жазып үлгердім. Мұны білген қызым тұрып жатқан үйіме басакөктеп кіріп, айғайға басты. Мен де қарап тұрмадым. Естімеген сөзім жоқ, қаным басыма шапты. Өмірімде мұндай ашуланбаспын. Есімді жисам, күйеубалам еденде талып жатыр. Маған қарай – ұмтылғанда, жағынан ұрыппын. Қызым бетін басып солқылдап жылап отыр. Жас босанған келіншегім әлі қырқынан шықпаған қызымды алып, далаға қашып кетіпті. Қанша дегенмен іштен шыққан шұбар жылан ғой, баламды бауырыма басып жұбата бердім. Оған да жұдырығым тиген сияқты. Кенет, ту сыртымнан әлдекімнің кеп қалғанын сездім. Мен қызыммен әуре боп жүргенде күйеубала есін жинап алыпты. Жалт қарағанымда жарқ ете қалған пышақты көрдім. Жалтарып үлгердім. Екінші рет сілтегенде қорғанып қолымды тостым. Өткір пышақтың жүзі кірш етіп білегіме бойлады. Есімде қалғаны, шыңғырып жіберген қызымның күйеуін аямай жақтан тепкені… Сол сәтте полиция кіріп келе жатты…

Ол тағы бір тал темекі тұтатты. Аядай қуысты көк түтін басып, буалдырлана бастады. Тамағым жыбырлап, тұншығып барамын. Алайда әңгімені бөлуге дәтім жетпеді. Қарсы алдымдағы кісі асықпай білегін түріп, жарты қарыстай болатын жарақаттың орнын көрсетті.

– Арыз жазбадым, – деді ол. – Жалғыз-ақ «сен неге бүйттің, қызым?» деп сұрадым. «Сені қорқытқымыз келді» – деп шынын айтты. «Ей, – дедім ышқынып. – Бала күнімде әкем белбеумен, шықпыртқанда көзімнен бір тамшы жас шықпаған мен, оқушы шағымда күнде таяқ жесем де бір қыңқ демеген мен, армияда он жігіт жабылып ұрғанда қайтпаған мен, сені асыраймын деп басымды бәйгеге тігіп, Ресейдің бандиттері маңдайыма пистолет тіреп тұрғанда тайсалмаған мен, сонда сенің мына шірігіңнен қорқады дедің бе? Көксегенің ақша болса ал!» деп, келесі күні дүкенімді соның атына аудара салдым.

Осыны айтқанда ол кеңк-кеңк етіп, иықтары селкілдеп кеткенін көзімді жерден алмасам да сезіп отырдым.

– Туған перзентім маған осылай істеді, түсінесің бе? Дүниедегі ең қымбат адамым, тірегім санаған бауыр етім – балам осылай етті. Сен мұны түсінесің бе?

Осының бәріне менің де кінәм бардай басымды көтере алмадым. Бірекі рет солқ-солқ еткен серігім сәлден соң иығымнан түртті. Қарасам, көзінен сорғалаған жасын сүртіп, зорлана жымиып тұр екен:

– Жүр, сырамызды ішейік, – деді түк болмағандай.

Бильярдымыз тағы да қосулы қапты. Кезек күткен ойыншылар бос тұрған үстелді төңіректеп жүр екен.

– Ойнамайтындарың бар, босатпайсыңдар ма?! – деп кіжіңдеді әлдекім.

– Иди отсюда, бұл ақшасы төленген біздің үстел. Бауырым, тағы екі сыра, – деді барменге. Кийімізді қайта қолға алдық.

– Чужой, – деген дауысы шықты қарсыласымның. Оқтай зулаған қызыл шар тиген бір шар қуысқа зып етті. Даукес те қарасын батырып үлгеріпті.

Ойын жайына қалған. Бастап қойған кітапты аяқтауға асыққандай, мына шым-шытырықтың немен тынарын білуге ынтығып барамын. Көз алдымда шашылған бильярд шары емес, қып-қызыл қан. Жайрап жатқан әке, жылап жатқан қыз. Кісіліктен безген күйеубала. Төсекте ыңырсыған ауру ана. Көшеде шырылдап жүрген нәрестелі келіншек… Июқия полиция көлігі, жедел жәрдем машинасы…

Тапсырысымыз келісімен дастарқанға жайғастық.

– Сонымен, елуден асқанда екінші рет үйлендім дедім ғой. Бірінші баламыз қыз болды. Елу төртке келгенде көптен күткен ұлым туды! Бар дау-дамай содан кейін басталды. Ұлым өмірге келісімен әйелім мінез шығара бастады, бұрынғыдай қаймығуды қойды. Қайын енем де «еркелікті» жиілетті. Өзі менен үш-ақ жас үлкен еді. Күйеуін ауылда қалдырып, қолымызға кіріп алды. Бір күні ковид жұқтырып кепті. Ауруханаға барудан бас тартты. Мұны көргенде жаным ышқынып кетті. Ұлыма, әйеліме індет жұға ма деп зәрем ұшты. «Бар ақшаңды төлейін, қонақүйге барып тұр», – дедім. Ақыры, үйде ұрыс шығып, полиция шақырды. Қызыммен соттасып жүргенде некеге тұруды ойламаппыз. Оның не қажеті бар деп санасам керек. Солайша, өз үйіме өзім «бөтен» боп шыға келдім. Оған керегі баспана ғана екен. Маңдай теріммен тапқан пәтерімді бір сөз айтпай босатып бердім. Адамды намыс өлтіреді ғой, ол үйдің есігін қайыра ашпадым. Қайтесің, мінезім солай. Қойнымда жатқан әйелім өзіме бөтен боп шықты. Тек ұлымды ғана қия алмадым… «Қатын жапа, ит опа» деген – осы… Қазір таксистпін. Бір қатынмен тұрып жатырмын. Ол: «Некеге отырайық», – дейді. «Ондайды ойыңа да алма», – дедім. Ұлым жақында төртке толды, балабақшасына барып, бетінен сүйіп тұрамын. Бармайын деймін, бірақ шыдай алмаймын. Сынбаспын деп ем, – сындырды. Солай, бала.

– Ал үлкен қызыңыз қайтті? Арақатынасыңыз қалай?

– Қызым дүкенді атына аударғансын қарасын да көрсетпеді. Бірақ бизнесі қайырлы болмады. Шірік күйеуі бір іске шатылып, бар мүлкін сатты. Одан адам болған ол жоқ, лудоман боп кеткен. Қазір қызым бір өзі алты адамды асырап, пәтер жалдап жүр. Өзінің ауру шешесі, арамтамақ күйеуі, енесі, үш баласы – бәрі қызымның мойнында отыр. Мені жолатпайды. Қаталдығы сұмдық. Қанша дегенмен, менің қаным ғой… Ішім удай ашиды. Бір жағынан, өзіне де обал жоқ деймін. Бәлкім, менің де кінәм бар шығар. Жасыратын несі бар, қызыма ұлдай қатал қарадым… Іштей жақсы көріп, сырттай білдіртпейтінмін. Онымды мықтылық санадым. Дер уақытында махаббатыма бөлей алмадым. Содан да тасбауыр боп кетті ме екен, әлде заман басқа ма?

– Өмір ғой, – дедім басқа айтар дәнеңе таппай.

– Әрине, өмір, – деді ол жайбырақат.

– Әңгіме мұнымен біткен жоқ. Шырқау шегіне енді келдік! Тек тыңдауға дайын бол!

Мен оған таңырқай қарадым. Манадан бері сөйлеп отырған басқа адам да, мынау мүлдем бөгде кісі секілді. Әлде күлімдеп, әлде ызаланып тұрғаны беймәлім, күңгірт залда көздері жылтжылт етеді. Қатпар-қатпар маңдайынан шып-шып тер жылтырайды.

– «Қызым пәтер жалдап тұрады» дедім ғой. Кімнің үйін жалдап жатыр деп ойлайсың?

Бұл мен үшін тосын сұрақ еді. Естігенімнің бәрін ойша жүгіртіп өтсем де, ілік таппай, иығымды қиқаңдаттым.

– Туған інімнің, – деді ол дауысын мәнерлей созып. – Мана айтқан, қызым тартып алып қояр деп жаздырған менің үйімді жалдап отыр. Айына 200 мың төлейді. Түсінесің бе? Өз інім өз үйімді өз балама, өзінің қарындасына жалға беріп отыр. Рас, алдында бір-екі жыл тегін тұрды. Одан соң қиғылық салып, соттасыпты. Шірік, келін баладан аса алмады. Байғұс, мыңқ-мыңқ етіп кешірім сұраған болады. Кешірімімен «…тімді» сүртем бе? Онымен араласпағаныма да он жылдай боп қалды.

Басымды біреу балғамен салып жібергендей болды. Егер басқа адамнан естісем, сенбес едім. Алдымда отырған азамат жалғаншыға ұқсамайды.

– Уф, – деді ол саптыааяқты төңкере салып. – Ішім бір босап қалды-ау. Жазғыш болсаң осыны жаз. Бір әрібін өзгертпей жаз! Жүр, бильярд ойнайық! Армиядан келгелі кий ұстамаған екенмін. Қарап тұрсам, 38 жыл боптыау. Бүгін аяқасты тас құғым кеп кетті. Бәлкім, әкемді еске алғаннан, арқамнан қаққанын сағынғаннан шығар. Таяғы қатты батқанда ренжуші едім. Қазір мені ұратын адам жоқ… Ширкін, шықпыртып тұрып сойса ғой. Міне, елу сегіздемін. Ұлым төртте. Енді бес-алты жылда ол да кий ұстауға жарап қалады. Айтқандай, үлкен жеңгеңмен сөйлесіп тұрамын. Ол да тірі аруақ қой. Санаулы күндері қалды. Қолыма алып, бағайын десем, қызым рұқсат етпейді, жібермейді. Неге сонша өшіккенін итім білсін. Жеңгең… алғашқы махаббатым ғой. Кім періште дейсің, әйелімнің алдындағы күнәмді сөйтіп жусам… Бәлкім, қызым да жібір ме еді? Қалай ойлайсың?

«Әркімнің өз қайғысы өзіне ұлы қайғы боп көрінеді» дегенді бір жерден естіп едім. Армансыз пенде бар ма, біздің кеуде де талай мұңның моласы еді, алайда мына сұрақтың қинағаны сондай, амалсыз басымды шайқай беріппін… Ол мұнымды «жоқ, қызың қайтып оралмайды» деп түсінген тәрізді.

Өзім де қайырылмас деп ойлағам. Нешауа… Осылай, інім, қазір жұрттан саяқ жүріп жатқан жайымыз бар… Сырымды айтар дос та қалмады. Қатарымның алды келін жұмсап, немере сүйіп, ата боп шалқып отыр. Олар мені қайдан түсінсін! Жалғыз бауырым анау… Кезінде дәрет сындырған жеріме бара алмайтындардың көсемсігенін көргенде… намыстан жарылып кете жаздаймын. Соқ кәне, кезек сенікі!

Алдымда тұрған шарды мақсатсыз ұра салдым. Қарсыласым түк болмағандай ойын алаңына үңіледі. Шар кіргізуден басқа мұраты жоқтай.

– Мынаны «чужой» кіргіземін, – деді үстел бетін нұсқап. Содан соң «чужой!» – деді көтеріңкі леппен.

Қызыл шар тағы да борттан асып түсті. Ол да қалған ақ шарларды бөтен санайтын, ойынға қатысқысы жоқ сияқты. Немене, басқа шарлар оны жатырқай ма екен?

Абылай МАУДАН

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЗАКОН

ПРОЯВЛЕНИЕ НЕУВАЖЕНИЯ К СУДУ

В СООТВЕТСТВИИ СО СТ. 1 КОНСТИТУЦИОННОГО ЗАКОНА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ОТ 25 ДЕКАБРЯ 2000 ГОДА № 132-II «О СУДЕБНОЙ СИСТЕМЕ И СТАТУСЕ СУДЕЙ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН» СУДЕБНАЯ ВЛАСТЬ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН ПРИНАДЛЕЖИТ ТОЛЬКО СУДАМ В ЛИЦЕ ПОСТОЯННЫХ СУДЕЙ, А ТАКЖЕ ПРИСЯЖНЫХ ЗАСЕДАТЕЛЕЙ, ПРИВЛЕКАЕМЫХ К УГОЛОВНОМУ СУДОПРОИЗВОДСТВУ В СЛУЧАЯХ И ПОРЯДКЕ, ПРЕДУСМОТРЕННЫХ ЗАКОНОМ.

В соответствии настоящим законом проявление неуважения к суду или судье влечет установленную законом ответственность, поскольку все участники судебного разбирательства и все находящиеся в здании суда обязаны соблюдать требования поведения в судах, регламентированных законодательными актами. Вопросы административной ответственности за проявление неуважения к суду содержатся в главе 33 Кодекса РК об административных правонарушениях (КоАП), административные правонарушения, посягающие на институт государственной власти и предусмотрены статьей 653 КоАП.

Неуважение к суду, выразившееся в неявке в суд без уважительных причин участников процесса и иных лиц по повестке, извещению, уведомлению или вызову в случаях, когда дальнейшее рассмотрение дела в их отсутствие представляется суду невозможным, неподчинении распоряжениям председательствующего в судебном заседании, нарушении установленных в суде правил, а также иные действия (бездействие), явно свидетельствующие о неуважении к суду и (или) судье, – влекут предупреждение либо денежный штраф либо административный арест. Также предусмотрено ответственность участников производства по делу об административном правонарушении при отказе или неявки участника производства в орган (к должностному лицу), рассматривающий дело об административном правонарушении, без уважительной причины, обусловившие отложение разбирательства по делу влекут денежный штраф.

В статье 188 ГПК указано, что суд вправе при установлении факта неуважения к суду со стороны присутствующего в процессе лица непосредственно в ходе судебного разбирательства наложить на виновное лицо административное взыскание в порядке, установленном статьей 120 КоАП.

Об установлении факта проявления неуважения к суду непосредственно в судебном заседании судьей (составом суда) объявляется правонарушителю непосредственно в судебном заседании без удаления суда в совещательную комнату. Данный факт фиксируется в протоколе судебного заседания, при этом протокол об административном правонарушении не составляется.

Маншук КАЛИЕКОВА,
судья Медеуского районного суда города Алматы.

ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ЯЗЫК

ВОЗРОСЛА ВОСТРЕБОВАННОСТЬ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА

В связи с обретением казахским языком статуса государственного заметно изменились и его роль и функции в различных сферах науки. Поскольку, государственный язык – это язык государственного управления, законодательства, судопроизводства и делопроизводства, действующий во всех сферах общественных отношений на всей территории государства. Во все времена каждый гражданин своей страны должен знать и чтить законы и традиции своей страны. Государственный язык – не только яркий, ни с чем не сравнимый символ нашей государственности, но и одно из главных условий укрепления независимости страны, надёжная гарантия сохранения самобытности народа, культуры, залог успешного взаимообогащающего сотрудничества всех национальностей и народностей, населяющих нашу страну.

В настоящее время особенно стала отмечаться роль казахского языка в процессе терминологизации, т.е. все больше стали использоваться в качестве терминов исконно казахские слова. Интернациональные термины стали заменяться казахскими вариантами, возросла активность архаизмов, пассивных слов и т.д. Таким образом казахское терминообразование стало на новый путь развития, так как оно было продиктовано требованиями нового времени в истории независимого государства.

В интервью газете «Ана тілі» глава государства назвал четыре шага по повышению статуса государственного языка в Казахстане, подчеркнул: «Во-первых, казахский язык должен стать престижным, востребованным в нашем обществе. При назначении на государственные должности, особенно сопряженные с общественными коммуникациями, предпочтение отдавать тем, кто наряду с профессиональными качествами хорошо владеет казахским языком».

Таким образом, сегодня востребованность казахского языка является фактом, который не требует аргументов или каких-либо доказательств. Поэтому, для расширения применения сферы государственного языка каждый по мере возможности должен внести посильный вклад. Тогда совместными усилиями можно достичь положительных результатов в этом направлении.

Гульнар САДЫКОВА,
главный специалист-секретарь судебного заседания специализированного межрайонного административного суда области Жетісу.

КОРРУПЦИЯ

ГЛАВНАЯ ЗАДАЧА - ЗАЩИТА ПРАВ ГРАЖДАН

Борьба с коррупцией является основным приоритетом государственной политики Казахстана. Поскольку, коррупция является негативным явлением современного общества, требующим постоянного тщательного изучения, системного подхода, комплексного и оперативного противодействия. Следует отметит, что формированная в нашей республике активной государственной поддержки развития институтов гражданского общества в виде разработки и принятия соответствующих нормативных правовых актов, льгот и размещения социального государственного заказа среди неправительственных общественных организаций привело к возрастанию активности населения в антикоррупционной деятельности.

За последние годы в Республике Казахстан сформирована определенная законодательная база для борьбы с коррупцией. Так, нормативная правовая база в сфере борьбы с коррупцией усовершенствована ряд законами, которые приблизили национальное законодательство к существующим международным стандартам.

Эти кардинальные меры направлены на защиту прав и свобод граждан, обеспечение национальной безопасности Республики Казахстан от угроз, вытекающих из проявлений коррупции, обеспечение эффективной деятельности государственных органов, должностных и других лиц, выполняющих государственные функции, а также лиц, приравненных к ним, путем предупреждения, выявления, пресечения и раскрытия правонарушений, связанных с коррупцией, устранения их последствий и привлечения виновных к ответственности, определяет основные принципы борьбы с коррупцией, устанавливает виды правонарушений, связанных с коррупцией, а также условия наступления ответственности.

Тому яркое подтверждение высказывание Президента Республики Казахстан Касым-Жомарта Токаева на совещание с руководителями государственных органов по вопросам противодействия коррупции, где первой задачей Глава государства назвал защиту прав граждан, подчеркнув: «Никто не может быть выше закона. Первые руководители, как в центре, так и на местах, будут отвечать за своих подчиненных, уличенных в коррупции. При этом нужно принимать меры не постфактум, а выработать комплексные и системные предупредительные механизмы».

Ризат ОЛЖАГАЛИ,
главный специалист-секретарь судебного заседания специализированного следственного суда города Талдыкорган.

ПРИМИРИТЕЛЬНЫЕ ПРОЦЕДУРЫ

СРЕДСТВО ОПТИМИЗАЦИИ СУДЕБНОЙ НАГРУЗКИ

РАЗВИТИЕ ПРИМИРИТЕЛЬНЫХ ПРОЦЕДУР В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН ЯВЛЯЕТСЯ ОДНИМ ИЗ ПРИОРИТЕТНЫХ НАПРАВЛЕНИЙ УРЕГУЛИРОВАНИЯ СПОРОВ И ЗАЩИТЫ НАРУШЕННЫХ ПРАВ И ЗАКОННЫХ ГРАЖДАН И ЮРИДИЧЕСКИХ ЛИЦ. ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВО РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ПОЗВОЛЯЕТ КОНФЛИКТУЮЩИМ СТОРОНАМ ВОСПОЛЬЗОВАТЬСЯ МИРНЫМ УРЕГУЛИРОВАНИЕМ СПОРОВ В ЛЮБОЙ ПЕРИОД ВОЗНИКШЕГО СПОРА, КАК ДО ОБРАЩЕНИЯ В СУД, ТАК И В ХОДЕ РАССМОТРЕНИЯ ДЕЛА В СУДЕ ИЛИ ЖЕ ПОСЛЕ ЕГО РАССМОТРЕНИЯ.

В частности, в теории под примирительными процедурами понимаются методы разрешения правового спора, направленные на взаимоприемлемое разрешение конфликтов, основанные на добровольном волеизъявлении сторон. Примирительные процедуры, в зависимости от этапа урегулирования спора, можно разделить на досудебные (применяются до обращения в государственный суд), внесудебные (после обращения в суд, спор разрешается без принятия судебного решения), судебные (после обращения в суд, спор урегулируется с помощью судьи) и примирительные процедуры, применяемые в исполнительном производстве (на стадии исполнительного производства).

Примечательно, что впервые в Республике Казахстан примирительным процедурам была посвящена отдельная глава в новом Гражданском процессуальном кодексе Республики Казахстан от 31.10.2015 г. (далее ГПК). В нем законодатель разделил примирительные процедуры на следующие виды: мировое соглашение, урегулирование спора (конфликта) в порядке медиации, урегулирование спора в порядке партисипативной процедуры.

Примирительные процедуры выступают средством оптимизации судебной нагрузки; доступным способом урегулирования международных споров; одним из инструментов построения гражданского общества; методом формирования новой правовой культуры деловых партнерских отношений; инструментом, обеспечивающим стабильность института семьи.

Для разрешения спора мирным путем суд принимает все меры для примирения сторон, содействует им в урегулировании спора на всех стадиях процесса. Ходатайство об урегулировании спора с применением примирительных процедур может быть заявлено по любому делу искового производства, кроме дел, вытекающих из публично-правовых отношений.

Жанар МУХАТАЕВА,
главный специалист-секретарь судебного заседания Текелийского городского суда.

Бейсенбі - Четверг, 19 қыркүйек

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 05.25 әнұран
06.05,04.40 «Жәдігер»
06.30, 14.00, 17.00, 20.00, 00.10 ақпарат
07.00 «Tansholpan».
10.10, 18.00 Зейнеп
11.10, 19.00 Телехикая
12.10, 02.50 «Тату-тәтті»
14.15, 04.40 Аңсаған сәби
14.45 Ғалым адамы
15.00, 21.25 Телехикая
16.00 телехикая «Заманда-стар».
17.10 Қызық екен
20.30 «Ашық алаң» қоғамдық саяси ток-шоу
22.15 телехикая
23.10 «1001 түн». қоғамдық бағдарлама. тікелей эфир
00.40 «Ашық алаң». қоғамдық саяси ток-шоу
01.30 «сана»
04.50 «Ауылдастар»

ХАБАР

05:00 Алпыстан асып барамын
07.00 оян!
10:00 культурный контекс
10.30 сериал
11.15, 22.45 келінжан
12.00, 20.00 т/х
15.00 Келінжан
16.00, 22.50 Кино
18.00 әсем әндер
18.30 Новости
19.00 Итоги
19.30 Жаңалықтар

АСТАНА

06.00 т/х
06.50 жұрттың балалары
07.10 м/с «маша и медведь»
09.00, 21.00 түрік т/х
10.20 сериал
11.30 т/х
13.00 Зың-зың күлпәш
16.00 Шымкент менің махаббатым
16.50, 00.45 сериал
20.00 Астанатаймс
21.55 сериал
23.25 «Тақ тартысы»

ЕВРАЗИЯ

06.00 т/х
07.00 «картер» т/х
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10:00 жить здорово!
10.05 «Давай поженимся!»
11.45 сериал
14.00 новости
14.15 жаңалықтар
14.30 қослайк
18.30, 04.00 басты жаңалықтар
19.30 «koremiz»
20.00 главные новости
20.35 фильм
00.45 ночной кинотеатр
01:55 новости
02.10 жаңалықтар
02.20 т/х

КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)
07.30 «Намыс», өзбек телехикаясы.
09.40 Вечерние новости (повтор)
10.20 «Было дело»
11.20 «Шеф. Новая жизнь»
13.20 «Наперекор судьбе» мелодрама (повтор)
15.20 «Бессмертник», мелодрама,
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 Астарлы ақиқат», ток-шоу
21.00 Вечерние новости
21.40 «Наперекор судьбе», мелодрама.
23.40 «Шеф. новая жизнь»
01.40 «Бессмертник», мелодрама (повтор)
03.50 «Астарлы ақиқат» (қайталау)
04.35 Кешкі жаңалықтар (қайталау)
05.00 «Намыс», өзбек телехикаясы (қайталау)

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Келіп көр»
11.15 «Домбыра»
12.00 «19 аймақ»
12.30 «Ой-сарап»
13.00 «Мақсатына жеткендер»
13.30 «Шаңырақ»/ тікелей эфир
14.20 «Әсем әуен»
14.30 «Агро аймақ»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Әсем әуен»
17.00 «Дала үні»
17.50 «Бастық»
18.00 «19 регион» /тікелей эфир
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Шыңыраудан шыңға»
19.30 «Ащы да болса...»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Біз жанбасақ»
22.45 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00 әзіл студио
07.00 информбюро (рус., каз.)
08.00 Қызыл шербет
09.00 «Маша и медведь»
10.30 tik tok show
10.50 Кино
12.50 сериал
14.00 Келіндер бәйгесі
15.10 Тайм вайн
15.30 Кино
18.10 кино
20.00 информбюро (рус., каз.)
21.00 кино
23.10 телесериал «Клюк венный щербет»
00.10 «31 әзіл»
01.00 кино
02.30 time vine
02.50 tik tok show
04.20 1001 әзіл
04.30 Бала батл
05.00 what's up?
05.20 әзіл студио

7 КАНАЛ

06.02 «Q-елі»
06.45, 23.40 телехикая «Алданған арман-2»
07.45 Кухня «великолепного века»
08.00, 18.00 телехикая «Абысындар-2»
10.00, 20.00 сериал «Вели колепный век. хюррем»
11.00, 21.50 сериал
13.00 сериал
17.00 телехикая «Ғаламат ғасыр. Хюррем»
21.00 сериал «эртугрул»
00.30 late night show with Динара Сатжан
01.30 телехикая «Әке мен әке»
02.30 Жеңіп көр». бағдарлама
04.00 «Япырай»
04.50 «Құтты қонақ» бағдарлама
05.52 Үзіліс

Жұма - Пятница, 20 қыркүйек

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 05.00 Әнұран
06.05,04.40 «Жәдігер»
06.30,10.00,14.00,17.00, 20.00,23.30 Ақпарат
07.00 «Таңшолпан»
10.10, 18.00 Телехикая «Зейнеп»
11.10,19.00 «Қол созған үміт»
12.10 «Тату-тәтті»
14.10 «Атамекен»
14.35 «АЭС»
15.00 «Сен қасымда болмасаң»
16.00 «Замандастар»
17.10 «Қызық екен...»
20.30 «Ашық алаң»
21.25 «Жақсылық жаса»
22.35 «Өгей өмір»
00.00 «Парасат майданы»
00.30 «Ашық алаң»
01.15 «Сана»
02.20 «Тату-тәтті»
03.45 Арнайы жоба
04.10 «Ауылдастар»

ХАБАР

05.00, 01.00 ҚР Әнұраны
05.00 «Алпыстан асып барамын»
07.00 «Оян!»
10.00 «Көзқарас»
10.25 «Исчезнувшая»
12.00,20.00 «Әйел бақыты»
14.00, 22.00 «Күзде келген көктем»
15.00 «Келінжан»
16.00 «Әсем әндер»
18.30 Новости
19.00 «Талқы»
19.30 Жаңалықтар
22.50 «Обитель проклятых»

АСТАНА

06.00 «Қорғаушы ханым»
06.50 «Жұрттың балалары»
07.10 М/ф «Маша и медведь»
09.00,21.00 «Алпарслан»
10.20 «Дурная кровь»
11.30 «Жігіттің сабаздары»
13.00 «Зу-зу Күлпәш»
15.20 «Қоғам назарында»
15.40 «Прямая связь»
16.00 «Шымкент – менің махаббатым»
16.50, 00.45 «Пороги»
20.00 «Astanatimes»
21.55 «Адасқан сезім»
23.45 «Тақ тартысы»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Конец парада»
07.00 «Картер»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00 «Жить здорово»
10.50 «Давай поженимся!»
11.45 «Однолюбы»
14. 00 «Новости»
14.15 «Жаңалықтар»
14.30 «QOSLIKE»
18.30 «Басты жаңалықтар»
19.00 « KOREMIZ»
20.00 «Главные новости»
20.30 «Парламент онлайн»
20.55 «Поле чудес»
22.10 «Судьба по книге перемен»
02.05 «Новости»
02.20 «Жаңалықтар»
02.30 «Вечность»
02.30 «Синяя книга»
04.05 «Басты жаңалықтар»

КТК

07.05 «Кешкі жаңалықтар»
07.30 «Намыс»
09.40 Вечерние новости»
10.20 Было дело»
11.20 «Шеф. Новая жизнь»
13.20 «Наперекор судьбе»
15.20 «Бессмертник»
19.30 «Кешкі жаңалықтар»
20.00 «Дау-дамайсыз»
21.00 «Вечерние новости»
21.40 «Если сердце дрогнет»
01.55 «Бессмертник»
04.05 «Дау-дамайсыз»
04.50 «Кешкі жаңалықтар»
05.15 «Намыс»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Біз жанбасақ»
11.40 «Домбыра»
12.00 «19 регион»
12.30 «Ой-сарап»
13.00 «Шыңыраудан шыңға»
13.30 «Дала үні»
14.10 «Әсем әуен»
14.30 «Ащы да болса...»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Әсем әуен»
17.50 «Жетісу жауһарлары»
18.00 «Иман нұры»
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Әсем әуен»
19.30 «Абадан»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Менің балалық шағым»
22.45 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР ӘНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студио
07.00 «Информбюро»
08.00 «Қызыл шербек»
09.00 «Маша и медведь»
10.30 TikTok show
10.50 «Анаконда»
12.50 «Нархоз.Студент Көке»
14.00 «Келіндер бәйгесі»
15.10 «Час расплаты»
17.50 «Никогда не сдавайся-3»
20.00 «Информбюро»
21.00 «Клаусторфобы»
23.10 «Клюквеннный щеребет»
00.10 «31 әзіл»
02.30 Time Vine
03.00 TikTok show
03.20 What 's up?
04.00 Әзіл студио
04.20 1001 Әзіл
04.30 «BALLA BATLLE»
05.00 What's up?
05.20 Ризамын

7 КАНАЛ

06.02 «Q –елі»
06.45,23.40 «Алданған арман-2»
07.45,09.40 Кухня «Великолепного Века»
08.00,18.00 «Абысындар-2»
10.00,20.00 «Великолелный век, хюррем»
11.00,21.50 «Челночницы»
13.00 «Пока станица спит»
17.00 «Ғаламат ғасыр. Хюррем»
19.30 «Дем. Соңғы үміт»
21.00 «Эртугрул»
00.30 «Той like»
01.30 «Әке мен әке»
02.30 «Жеңіп көр»
04.00 «Япырай»
04.50 «Құтты қоңақ»
05.52 Үзіліс

Сенбі - Суббота, 21 қыркүйек

ҚАЗАҚСТАН

06.05,04.10 «Жәдігер»
06.30, 17.00, 00.50 Ақпарат
07.00, 03.10 «Ауылдастар»
07.25,02.50 «Атамекен»
07.45 «Қызық екен...»
08.30 «Шаңырақ»
09.00 «Көңіл толқыны»
10.00, 18.00 Т/х «Зейнеп»
11.00,19.00 «Қол созған үміт»
12.00 «Теледәрігер»
13.00 «Жұлдызды жұп»
14.55 «Дара бала»
15.55 «Бемби»
17.20 «Қос палата»
17.40 «Әлем және біз»
20.00 «Жұлдызды жұп»
22.15 «Өгей өмір»
23.10 «Оралман»
01.10 «Қос палата»
01.30 «Әлем және біз»
01.50 «Теледәрігер»
03.40 «Шаңырақ»

ХАБАР

05.00, 01.00 ҚР Әнұраны
05.00 «Mandai ter»
06.30 «Асыл қазына»
08.00 «Жолрар жолдар»
10.00 «Мэри поппинс возвращается»
11.45 «Артур и Минипуты»
12.00 «Обитель прокятых»
14.00 «Қызық таймс»
15.30 «Күзде келген көктем»
17.45 «Асыл домбыра»
19.00 «Cover show»
21.00 «7-күн»
21.45 «Как украсть бриллиант»
23.45 «Алғашқы»

АСТАНА

06.00 «Қорғаушы ханым»
06.50 «Жұрттың балалары»
07.00 М/ф «Маша и медведь»
09.00,21.00 «Алпарслан»
10.15 «Жүрек үні»
11.35 «Я ЛЮБЛЮ ТЕБЯ»
13.20 «Алпарспан»
15.20 «Жертва любви»
20.00 «Sarap Times»
21.55 «Адасқан сезім»
23.25 «Районы»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Конец парада»
07.00 «Картер»
09.00 «Аймақ»
09.40 «Саша +Даша + Глаша»
13.40 «Лето в городе»
17.40 «Командир»
20.20 «Только не отпускай меня»
00.30 «Классик»
02.30 «Проект «Синяя книга»
04.05 «Ұшқалақ»

КТК

07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05 «Мерекелік концерт»
08.00 «Қиын шақ»
09.00 Вечерние новости
09.35 «Было дело»
10.35 «Если сердце дрогнет»
14.40 «Іштегі күйік»
16.40 «Моншағым»
18.40 «Шаншар»
21.00 «Судьба по имени любовь»
01.30 «Было дело»
03.10 «Іштегі күйік»
05.10 «Қиын шақ»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық»
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Менің балалық шағым»
11.40 «Домбыра»
12.00 «Иман нұры»
12.30 «Ой-сарап»
13.00 М/ф «Қажымұқан»
13.30 «Әсем әуен»
14.30 «Абадан»
15.00 «Аман болайық»
15.50 «Әсем әуен»
17.00 «Шашу»
17.40 «Чемодан»
18.00 «Жарқыра»
18.45 «Әсем әуен»
19.00 «Ұлт ұяты»
19.45 «Менің анам»
20.30 Апта /қаз/
21.30 Апта /рус/
22.20 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР ӘНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студио
07.00 М/с «Маша и медведь»
08.30 Ризамын
09.00 Time Vine
09.30 «Готовим с Адель»
10.00 «Алдараспан»
11.50 «Сана»
12.20 «Түпсана және жасыл носки»
14.40 «Паутина шарлотты»
16.40 «Вперёд»
19.00 «Жизнь пи»
21.50 «Пираты карибского моря.Сундук мертвеца»
01.00 «Біздің шоу»
02.30 «31 әзіл»
03.40 Time Vine
04.10 TikTok show
04.40 Әзіл студио
05.00 1001 Әзіл
05.10 BALA BATTLE
05.30 What's up?

7 КАНАЛ

06.02 «Q-елі»
07.15 Жұлдызды шаңырақта
07.45,09.40 Кухня «Великолепного Века»
08.00,18.00 «Абысындар-2»
10.00,20.00 «Великолепный век. Хюррем»
11.00 «Юморина»
12.30 «Семейное дело»
16.30 «Сөздің қысқасы. Ардақ Қасымханмен»
17.00 «Ғаламат ғасыр. Хюррем»
21.00 «Эртугрул»
22.50 «Әйгерім Сейфолланың сырласуы»
23.50 Әзіл әлемі
01.40 «Бастық боламын»
02.50 Қызықты Weekend
03.35 «Жеңіп көр»
04.35 «Құтты қоныс»
05.47 Үзіліс

Жексенбі - Воскресенье, 22 қыркүйек

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 05.25 Әнұран
06.05,05.05 «Жәдігер»
06.30,04.35 «Ауылдастар»
07.00 «Дәуір даналары»
07.45 «Қызық екен»
08.30 «Сағындырған әндерай!»
09.35,04.15 «Ақсауыт»
10.00,18.00 «Зейнеп»
11.00,19.00 «Қол созған Үміт»
12.00 «Жұлдызды жұп»
14.20 «Атамекен»
14.45 м/ф «Бемби»
15.50 Тұманбай Молдагалиевтың концерті
17.30 «Ансаған сәби»
20.00 «Апта»
20.50 «Ақорда»
21.00 «Көңіл толқыны»
22.25 «Өгей өмір»
23.20 «Аманат»
01.35 «Апта»
02.25 «Ақорда»
02.40 «Атамекен»
03.00 «Аңсаған сәби»
03.30 «Күміс көмей»

ХАБАР

05.00 «Mandai ter»
06.30 «Асыл қазына»
08.00 «Жұлдызым»концерт
10.00 «Все псы попадают в рай»м/ф
11.15 «Артур и Минипуты» м/ф
12.00 Х/ф «Как украсть бриллиант»
14.00 «Cover show»
16.15 «Күзде келген көктем»
19.30 «Қызық таймс»
21.00 «7 күн»
21.45 «Крокодил Данди в Голливуде» х/ф
23.45 «Алғашқы»

АСТАНА

06.00 «Қорғаушы ханым»
06.50 «Жұрттың балалары»
08.00 М/ф «Маша и медведь»
09.00, 21.00 «Алпарслан»
10.00 «Болмыс»
10.35 «Тұзақ»
11.45 «Жігіттің сабаздары» т/х
16.20 «Жертва любви» т/с
21.55 «Адасқан сезім»
23.25 «Семья» х/ф

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Конец парада»т/х
07.00 «Картер»т/х
08.40 «Воскерсные беседы»
08.50 «Повара на колесах»
09.45 «Девочки мои»
13.45 «Поговори с ней»
17.50 «Курица» х/ф
20.00 «Аналитика»
20.45 «Не оглядывайся назад»
00.55 «Две звезды.Отцы и дети»
02.40 «Проект «Синяя книга»т/х
04.15 ҰШҚАЛАҚ

КТК

07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05 «Мерекелік концерт»
08.00 «Шаншар»
10.30 «Юморина»
13.00 «Судьба по имени любовь»
17.00.05.00. «NURBULLIN» Нурболат Абдулиннің ән-кеші
20.00 «Кел, Шырқайық!»
21.00 «Иірім»
22.00 «Портрет недели»
23.00 «Анютины глазки»
03.00 «Моншағым»
04.15 «Кел, шырқайық!»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
09.00 Апта /қаз/
10.00 Апта /рус/
11.00 «Домбыра»
12.00 «Жарқыра»
12.45 «Әсем әуен»
13.00 «Ұлт ұяты»
13.40 «Шашу»
14.20 «Менің анам»
15.00 «Шаңырақ»
15.50 «Әсем әуен»
16.20 «Мақсатына жеткендер»
17.00 «Шашу»
17.40 «Сарбаз»
18.00 «Единый народ»
18.30 «Қарындас»
19.00 «Өзекжарды»
19.30 «Арнайы репортаж»
20.00 «Әсем әуен»
21.30 «Біздің өңір»
22.00 «Шіркін-ай»
22.45 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00 Әзіл студио
07.00 «Маша и медведь»
08.00 Ризамын
08.30 «Tik-Tok» шоу
09.00 Time Vine
09.30 «Готовим с Адель»
10.00 «Телебинго»
10.25 «Сана»
11.00 «Паутина Шарлотты»
13.00 «Вперед»
15.20 «Жизнь ПИ» кино
18.20 «Пираты карибского моря. Сундук мертвеца»
21.30 «Бегущий в лабиринте. Лекарство от смерти»
00.40 «Басқа вариант жоқ»
02.00 «31 әзіл»
02.30 Time Vine
03.00 TikTok шоу
03.30 1001 Әзіл
03.40 BALA BATTLE
04.00 What's up?
04.30 Әзіл студио
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.02 «Q-елі»
06.25,02.50 Қызықты Weekend
07.25 Кухня «Великолепного Века»
07.30, 18.00 «Абысындар-2»
09.30 «Здоровье с Айнур Тажиной»
10.00, 20.00 «Великолепный век. Хюррем»
11.00 «Юморина»
12.30 «Загадка на двоих. Февральская сирень»т/с
16.30 «Что это было?»
17.00 «Ғаламат ғасыр.Хюррем»
19.00 «Жетінші студия Нартай Аралбайұлы»
21.00 «Эртугрул»
22.50 Динара Сатжан
23.50 Әзіл әлемі
01.40 «Бастық боламын»
03.35 «Жеңіп көр»
04.35 «Құтты қонақ»
05.47 «Үзіліс»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БЖЗК ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ ПЕНСИОННЫЙ ФОНД

«БЖЗҚ» АҚ 2023 Ж. АРНАЛҒАН ЖЫЛДЫҚ АКТУАРЛЫҚ ЕСЕБІН ҰСЫНДЫ

"БЖЗҚ" АҚ (бұдан әрі – БЖЗҚ, Қор) "2023 жылға актуарлық есебін" (бұдан әрі – Есеп) жариялады. Онда Қазақстанның зейнетақы жүйесін одан әрі жетілдірудің негізгі бағыттары бойынша кешенді актуарлық есептердің негізгі нәтижелері ұсынылған.

Мемлекеттің маңызды міндеті - халықаралық стандарттарға сәйкес келетін және зейнет жасында лайықты төлемдерді қамтамасыз ететін тиімді зейнетақы жүйесін құру. Зейнетақы жүйесінің тиімділігі осы Есепте талданатын және болжанатын түрлі көрсеткіштер бойынша бағаланады.

Есептің 1-бөлімінде Қазақстандағы демографиялық трендтер және олардың зейнетақы жүйесіне әсері сипатталған. 01.01.2023 жылға арналған демографиялық жағдай сипатталып, стохастикалық және детерминистік тәсілдерді ескере отырып, 2050 жылға дейінгі демография бойынша болжамды трендтер ұсынылған.

2-бөлімде ортақ құрамдауыштың объективті қысқаруы және жинақтаушы құрамдауыштың дамуы жағдайында Қазақстандағы болашақ зейнетақы төлемдерінің лайықтылығын болжау және бағалау ұсынылған. Атап айтқанда, экономикалық ынтымақтастық пен дамуды ұйымдастыру әдіснамасы шеңберінде пайдаланылатын стандартты экономикалық жорамалдарды, сондай-ақ елдегі экономикалық жағдайларды ескеретін нақты жорамалдарды ескере отырып, еліміздің көпдеңгейлі зейнетақы жүйесінің құрамдас бөліктері бойынша жеке алмастыру коэффициенттерінің болжамы жүзеге асырылды.

Есептің 3-бөлімінде зейнетақы ағындарын үлгілеу және болжау ұсынылған. Дәлірек айтсақ, KazPRESTO кешенді актуарлық үлгісі және оның болжамды нәтижелері, демографияны, еңбек нарығын, міндетті зейнетақы жарналарының 10% есебінен зейнетақы төлемдерін үлгілеу сипатталған.

Жылдық актуарлық есеп - Қордың маңызды құжаттарының бірі. Ол кең ауқымды мүдделі тараптарға өзекті ақпарат береді. Құжат халықаралық стандарттар мен ақпарат беру бойынша үздік әлемдік тәжірибені ескере отырып дайындалды.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ 2024 ЖЫЛДЫҢ 7 АЙЫНДАҒЫ ТАЗА ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ КІРІСІ 1,38 ТРЛН ТЕҢГЕДЕН АСТЫ

2024 жылдың 7 айында қазақстандықтардың таза инвестициялық кірісі 1,38 трлн теңгеден асты, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен 619,3 млрд теңгеге немесе 81,4% артық.

2024 жылдың 7 айында БЖЗҚ-дағы міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ), ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) есебінен қалыптасқан зейнетақы активтерінің кірістілігі осы кезеңдегі инфляция 4,7% болған кезде 7,51% көрсетті.

Егер зейнетақы активтерінің жылдық кірістілігін қарастыратын болсақ, онда ол 2024 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша 12,72%, ал инфляция 8,6% болды.

2024 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша БЖЗҚ-ның жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтерінің кірістілігі – 2,53%.

Инвестициялық кіріс қаржы құралдары (бағалы қағаздар, салымдар және басқа операциялар) бойынша сыйақы түріндегі кірістерден, қаржы құралдарын нарықтық және валюталық қайта бағалаудан, сыртқы басқарудағы активтер бойынша кірістерден және т. б. тұрады. ҚР Ұлттық Банкі және инвестициялық портфельді басқарушылар (ИПБ) инвестициялық портфельді үнемі әртараптандырып отырады. Яғни зейнетақы активтері түрлі қаржы құралдарына, валюталарға инвестицияланып, нарықтағы жағдайға қарай үнемі қайта бөлініп орналастырылады. Мұндай әртараптандыру оң нәтиже беріп, орнықты инвестициялық кірістілікті қамтамасыз етеді.

Зейнетақы жинақтары - бұл ұзақ мерзімді инвестициялар. Сондықтан инвестициялық кірістің мөлшерін кем дегенде бір жылда талдаған жөн. Мәселен, жинақтаушы зейнетақы жүйесі құрылған 1998 жылдан бастап 2024 жылғы 1 тамызға дейінгі инвестициялық кірістілік өспелі қорытындымен 885,26% көрсетті. Бұл кезеңдегі инфляция – 794,46%. Осылайша, ұзақ мерзім ішінде жинақталған инвестициялық кіріс инфляциядан асып түсті.

Естеріңізге сала кетейік, Қазақстанда инфляция деңгейін ескере отырып, міндетті зейнетақы жарналарының сақталуына бірегей кепілдік бар. Төлемдер құқығы басталған кезде салымшының жинақталған кірістілігіне әсер еткен жекелеген кезеңдегі кірістіліктің төмендеуі кезінде де айырмашылықты өтеуге мемлекет кепілдік береді.

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару мен есепке алудың бүкіл жүйесі ашық: әрбір салымшының enpf.kz сайтындағы немесе ұялы қосымшадағы жеке кабинетінен өзінің инвестициялық кірісін көруге мүмкіндігі бар.

БЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялық басқару және олар орналастырылған қаржы құралдары туралы ақпарат Қордың (www.enpf.kz) ресми сайтындағы «Көрсеткіштер/Инвестициялық қызмет» бөлімінде жарияланады.

Көптеген маңызды және пайдалы ақпаратты, соның ішінде жинақтаушы зейнетақы жүйесі сарапшыларының зейнетақы активтерін инвестициялау туралы сұхбаттарын - БЖЗҚ ЕНПФ YouTube-арнасынан көруге болады.

ОТАНДАСТАРЫМЫЗДЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІ 20 ТРЛН ТЕҢГЕДЕН АСТЫ

2024 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша отандастарымыздың БЖЗҚ-дағы зейнетақы шоттарындағы зейнетақы активтері 20,26 трлн теңгеден асып, жыл басынан бергі 7 ай ішінде 2,4 трлн теңгеге жуық (немесе 7,7%) өсті. Зейнетақы жинақтарының жылдық өсімі - 3,9 трлн теңге (немесе 23,7%).

Қазақстандықтардың жинақтарының 96,32%-ы МЗЖ есебінен қалыптасқан, олардың көлемі 01.08.2024ж. шамамен 19,5 трлн теңге болды (бір жылдағы өсім – 23%, жыл басынан бері - 12,8%). Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) есебінен зейнетақы жинақтары - 618,14 млрд теңге, бір жылдағы өсім – 19,6%, ал жыл басынан бері 8,7% артты. Ең үлкен өсімді (жылына 47%, жыл басынан бері 26,2%) ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) бойынша жинақтар көрсетті, олардың көлемі - 6,7 млрд теңге.

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап салымшылардың (алушылардың) зейнетақы шоттарына қосымша қаражат – жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) түсуде. 2024 жылдың 7 айында ЖМЗЖ есебінен зейнетақы жинақтарының сомасы шамамен 120,5 млрд теңгеге жетті.

Кіріс ағындары

Зейнетақы жинақтарының көлемі зейнетақы жарналары мен инвестициялық кіріс түріндегі кіріс ағындары есебінен ұлғаяды. 2024 жылғы қаңтар-шілде айларында салымшылардың шоттарына түскен зейнетақы жарналары 1,55 трлн теңгеден асты (өсім өткен жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 29,5% немесе 353,5 млрд аса теңгеге артық).

Жарналардың барлық түрлері оң сипатты көрсетті: МЗЖ есепке алынатын жеке зейнетақы шоттарына (ЖЗШ) жыл басынан бері 01.08.2024 жылға дейін 1,36 трлн теңгеден астам (бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 19,5% артық), МКЗЖ есепке алынатын ЖЗШ-ға шамамен 66,01 млрд теңге (өсім 20,4%), ЕЗЖ - 1,7 млрд теңге (өсім 34,4%) түсті.

БЖЗҚ салымшыларының жеке және шартты зейнетақы шоттарына есептелген таза инвестициялық кіріс жыл басынан бері 01.08.2024 ж. шамамен 1,38 трлн теңге. Бұл сома өткен жылмен салыстырғанда 620,3 млрд жуық теңгеге (немесе 81,5%) артты.

Төлемдер мен аударымдар

2024 жылдың 7 айында БЖЗҚ-дан жарналардың барлық түрлері бойынша жасалған төлемдер мен сақтандыру ұйымдарына аударымдар түріндегі шығыс ағындары 608,64 млрд теңгеден асты. Бұл былтырғы сәйкес кезеңдегі төлемдер көлемінен 322,4 млрд теңгеге немесе 112,7% көп.

266,16 млрд теңге - тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және емделуге арналған біржолғы зейнетақы төлемдері (БЗТ).

Зейнет жасына толуына байланысты төлемдер шамамен 114,5 млрд теңге, бұл өткен жылғы көрсеткіштен 37,4% жоғары.

Сондай-ақ, осы кезең ішінде мұрагерлік бойынша төлемдер – 34,83 млрд теңге, ҚР шегінен тыс тұрақты тұруға кетуге байланысты төлемдер – 22,21 млрд теңгеден астам, мүгедектігі бар адамдарға төлемдер – 1,8 млрд теңгеден астам, жерлеуге төлемдер – шамамен 5,9 млрд теңге көлемінде жүзеге асырылды. Сақтандыру ұйымдарына 163,3 млрд теңгеден астам сома аударылды.

Зейнет жасына толуына байланысты БЖЗҚ-дан берілетін орташа айлық төлем - 33 847 теңге, ал ай сайынғы төлемнің ең жоғарғы сомасы - 945 752 теңге болды.

ЖЗШ саны

2024 жылдың 1 тамызындағы жағдай бойынша БЖЗҚ-дағы зейнетақы шоттарының жалпы саны 16,46 млн. бірліктен асты. Бұл ретте салымшылардың (алушылардың) БЖЗҚ-дағы ЖЗШ саны 2024 жылдың 1 тамызына шамамен 12,4 млн бірлікке тең. Оның ішінде: 11,07 млн - МЗЖ бойынша, 690,7 мың - МКЗЖ бойынша, 425 мыңы - ЕЗЖ есептелетін шоттар.

Ал БЖЗҚ-дағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келіп түскен ЖМЗЖ туралы мәліметтер ескерілетін шартты зейнетақы шоттарының саны - шамамен 4,08 млн бірлік.

Зейнетақы активтеріне қатысты барлық өзекті ақпарат, соның ішінде республика өңірлері бойынша мәліметтер enpf.kz сайтындағы «Көрсеткіштер» бөлімінде орналастырылған.

ҚОРШАҒАН ОРТА

ОРМАН – ХАЛЫҚ БАЙЛЫҒЫ

ОРМАН – ТІРШІЛІКТІҢ АЖЫРАМАС БӨЛІГІ, ТАБИҒАТТЫҢ САН АЛУАН СҰЛУЛЫҒЫ МЕН БАЙЛЫҒЫН БІРІКТІРЕТІН ЕРЕКШЕ РЕСУРС. ОЛ БІЗДІҢ ӨМІРІМІЗДЕ МАҢЫЗДЫ РӨЛ АТҚАРАДЫ, ТЕК ТАБИҒАТ ҚОРҒАУ ТҰРҒЫСЫНАН ҒАНА ЕМЕС, СОНЫМЕН ҚАТАР ЭКОНОМИКАЛЫҚ, ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ МӘДЕНИ АСПЕКТІЛЕРДЕ ДЕ МАҢЫЗДЫ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.



Орманның экологиялық маңызы. Біріншіден, орман ауаны тазалайды. Өсімдіктер мен ағаштар атмосферадағы көмірқышқыл газын сіңіріп, оттегіні бөліп шығарады, бұл климатты тұрақтандыруға және ауа сапасын жақсартуға көмектеседі. Екіншіден, ормандар жердің беткі қабатын қорғап, топырақтың эрозиясын болдырмайды. Топырақты ылғалдандырып, жер асты суларының деңгейін сақтайды, бұл ауыл шаруашылығына және су ресурстарына әсер етеді. Үшіншіден, ормандар жауын-шашынның реттелуіне ықпал етеді, бұл өз кезегінде су ресурстарының тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар ағаш және ағаш өнімдері құрылыс материалдары, қағаз және басқа да көптеген өнім үшін қажетті шикізат болып табылады. Орман шаруашылығы ауыл шаруашылығы мен өндіріс салаларында жұмыс орындарын қамтамасыз етеді.

Бүгінгі таңда ормандардың экологиялық және экономикалық маңыздылығына қарамастан олар көптеген қауіп-қатерлерге ұшырап отыр. Орманның жойылуы, заңсыз ағаш кесу, орман өрті және климаттық өзгерістер орман экожүйелеріне айтарлықтай зиян келтіруде. Бұл тек экологиялық тепе-теңдікті ғана емес, жергілікті халықтың өмір сүру жағдайларын да бұзады. Ормандарды қорғау және сақтауға бағытталған шаралар жүргізу, заңнамалық нормаларды енгізу және халық арасында экологиялық білімді арттыру біздің ортақ міндетіміз болып табылады. Ормандарды сақтау үшін біз ағаш кесу мен орман өртімен күресу, орманды қалпына келтіру жобаларын жүзеге асыру және орманды пайдалану мәдениетін дамыту сияқты шараларды қабылдауымыз керек.

Орманды қорғау арқылы біз табиғатпен үйлесімді өмір сүріп, оның шексіз мүмкіндіктерін ұрпақтарға жеткізуге көмектесеміз.

Аян ҚАДЫРСЕЙІТОВ,
«Қапал орман шаруашылығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 9-шы айналымның орман күтушісі.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӨМІР-ӨЛЕҢ

ҒАСЫР АТТАҒАН ҚАСТЕЕВ

Әйгілі Арқас таудың бауырында.
Кең көсілген Жаркент сауырында.
Түңілігін дүниенің ашты бір ұл,
Шежіндей Елшібектің ауылында.

Тәңірім берді солай Әбілханын,
Атырды қара қоста әрбір таңын.
Табиғаттың сұлу сыры толғандырып,
Ақ қағазға түсірді соның бәрін.

Қастеев адамзатта дара тұлғам,
Жарқыраған қала емес, далам туған.
Көркіне көз тоймайтын табиғатты,
Қыл қаламмен бейнелеуге
жаратылған.

Қастерлеп бүгін міне ерін елі,
Ұлылықтың тұғыры көрінеді.
Ғасыр аттап кетсе де Қастеевтың,
Мейірі мекеніне төгіледі.

Саңлақтар артындағы басып ізін,
Ойдырып мәр-мәр тасқа асыл жүзін.
Облыстың төріне отырғызды,
Тамсантып таңға жайып дүние жүзін.

Ия, солай бүгін сізбен мақтанамыз,
Есіміңді болашаққа ап барамыз.
Жаркентті жұлдыздай жарқыратқан,
Мараттай ұрпағыңмен мақтанамыз.

Көркейіп туған елің ғарыштады,
Көл-көсір таңғажайып табыстары.
Өзіңдей барша әлемді мойындатқан,
Әлі туар Суанның арыстары.

МҰҢАЙЫП ТҰР БАР ҒАЛАМ

Апаттан мынау жайлаған.
Боздаған сәби үніне,
Бозарып мен де ойланам.
Топансу басып елімді,
Қасірет болды-ау сайлаған.
Малы да кетті, жаны да,
Алдына салып айдаған.
Үйі де топан астында,
Жиылмай төсек жайнаған.
Тірлігі қалды тынымсыз,
Күнделікті қайнаған.
Махамбеттің ел еді,
Басынан бағы таймаған.
Алысып жатыр кәрі-жас,
Жаһанға салмай бай-балам.
Көмекке келіп ерікті,
Қатерге басын байлаған.
Осыған кім кінәлі?
Қатерді бұрын жоймаған,
Қаншама қаржы желге ұшып,
Тоғышарлар тоймаған.
Ұсталып жатса, сотталып,
Арсыздығын қоймаған.
Сынықтан тауып сылтауды,
Сұмдығында сайлаған.
Осындайды көргенде,
Арланам елім, арланам.

Қолдайық елім батысты.
Қарамайық атүсті.
Кеуде керіп елі үшін,
Зұлымдықпен алысты.
Жаңаөзенде қан төгіп,
Қорқаулармен шабысты.
Байлығын қорғап, нарығын,
Жібермеген намысты.
Ержүрек егей жандарға,
Тілейік біз де табысты.

Өртенді былтыр шығысым.
Тарылтып елдің тынысын.
Қарағайы қайысқан,
Күл болды қайран жынысың.
Оғанда жауап таппадық,
Керек болды кім үшін?
Өлгеніне не бердік,
Жарылқамай тірісін.
Апаттан көзді ашпадық,
Мандымады бір ісім?
ЕУРО одаққа мүше боп,
Азайттық елдің кірісін.
Жауабы жоқ сұрау көп,
Шайқадық елдің ырысын.
Жаутаңдап әйтеу келеміз,
Алдаркөсенің жүрісін.
Әділдік деп айтқанмен,
Тия алмады ұрысын
Отыз жыл жоққа шыдаған,
Сірісің, Қазақ сірісің.
Жылаудан көз ашпадық,
Бұндай өмір құрысын.

АУРУХАНАДА

Мен жаттым аурухана төсегінде,
Білмеймін созылады неше күнге?
Облыстық доқтырхана қарап жатыр,
Жатқызып порталының есебіне.

Кеселім ел білетін тәтті деген,
Білмедім ғазез басым тапты неден?
Сүйреліп неше жылдай келіп едім,
Арықтап көтергендей сақтықпенен.

Осылай өтіп жатыр күнім менің,
Жетім бала секілді түрім менің.
Жат жерде қиын екен жалғыз жату,
Шықпайды қаттырақта үнім менің.

Көп жолықтым өмірдің ызғарына,
Жалғандықтың кетпедім құздарына.
Әйтеуір ағасындай қарап жатқан
Рақмет аурухана қыздарына.

Бас дәрігер Армангүлдей қарындасым,
Жаратқан бергенінен жаңылмасын.
Ақ халатты жанашыр абзал жандар,
Қуандым қасымыздан табылғасын.

ДЕМЕУГЕ

Демеу палуан, Демеу батыр, арысым.
Жібермеген Қазағымның намысын.
Дүниені жалт қаратты қайратпен,
Бағындырып олимпиада жарысын.

Сүрінбестен өтті қиын сынақтан,
Шақ келтірмей қарсыласын құлатқан.
Туған елің тұрды саған бақ тілеп,
Бата беріп, бармасақта жырақтан.

Орбұлақтың халқы ежелден қуатты,
Кең көсілген даласы бар шуақты.
Бимен, шешен, батыр, көсем көп шыққан,
Пейілі кең, бірлігі тең тұрақты.

Қанында бар теңселмеген тектілік,
Жанында бар еңбекшілдікептілік.
Болашақта шемпиондар шығад деп,
Кеткен екен Қастеевтер серт қылып.

Суан елі, қуаныш тан атырды.
Тамам елді жеңіс тойға шақырды.
Шашу шашып, ел қамқоры ағалар,
Құттықтады алақайлап батырды.

Жолын ашқан алғаш рет Нұрбақыт,
Қазақ елін күміспенен шулатып.
Әлі шығар Арқас таудай еңселі,
Чемпиондар Жаркентті қуантып.

Болат ҚҰРСАҚБАЙ

АЙТАРЫМ БАР

ӨНЕГЕЛІ ӨМІР ИЕСІ

«Өз елін өз ерлері ескермесе, ел тегі қайдан алсын кемеңгерді» деп ақын Ілияс жансүгіров тегін айтпаса керек. Жыл өткен сайын тарихтың жаңа парақтары жамырай ашылып, ұмыт болған тарихи тұлғалардың еңбегі екшеліп, есімі ел жадынан ене бастады. Сол барыста ұзақ жылдар құқық қорғау саласында жұмыс істеп, жұрттың қамы үшін ақыл-парасаты мен қара терін сарқа жұмсаған Мәткәрім Садақбаев атамыздың болмыс-бітімін зерделеп, оның ерен еңбегі мен ел үшін атқарған елеулі істерін өскелең ұрпаққа өнеге етудің орны бөлек.



Мәткәрім Садақбаев 1902 жылы дүниеге келген. Архив құжаттарындағы деректерге сүйенсек, Мәткәрім алғашқы еңбек жолын 1930 жылы сол тұстағы Алматы облысы, Малайсары ауданданында аға полиция қызметкері болып бастады. Осыдан кейінгі жылдары Алматы облысы, Талдықорған өңірінде, Қостанай, Қарағанды, Ақмола облыстарының құқық қорғау саласында қызмет атқарды. Екінші дүниежүзілік соғыс басталған тұста Тылда еңбек етіп, алдыңғы шептегі жауынгерлердің жігерін жанып, намысын ерлету үшін өндірістік еңбектерге белсене араласты. Сол тұстағы «Правда» газетінде Мәткәрім Садықбаевтың еңбектегі ерлігі туралы жазылған мақалалар осыған дәлел бола алады. Соғыс жылдары ол бір жағына өндірістік еңбектерге белсене қатысса, енді бір жағынан қоғам тыныштығын сақтау тапсырмасын абыроймен атқарды. 1958 жылы құқық қорғау саласынан зейнеткерлікке шықты. «Қызыл ту» (1945), «Қызыл жұлдыз» (1946) ордендері, «Германияны азат еткені үшін (1945), «Әскери еңбьегі үшін» медалдьдарының иегері атанды.

Соғыс аяқталғаннан кейін Сарыөзек кентінің полиция бөлімшесін басқарды. Кейін облыстық полиция басқармасына ауысады. Сондай-ақ, Талдықорған облыстық жеке күзет қызметінде лауазымды жұмыс істеді. ҚазССР Талдықорған облыстық кеңесінің атқарушы комитеті болды.

Мәткәрім Садықбаевтің өмірі осылай өріледі. Дегенмен де, оның Талдықорған қаласына қарасты Еркін ауылының «Сарыбұлақ» кеңшарында істеген істерін бір сәтке ұмытуға болмайды. Әсіресе, сол жерде қант қызылшасының өндірісін өркендетіп, озат бөлімшенің жетекші болды. Жалпы, аталған кеңшардың өркендеуі мен ел экономикасының өсуі жолында ерінбей еңбек еткен талай қадірменді адамдар өткені мәлім. Сол тізімін ең басында Есжан Берлікөжаұлы тұрса, сол қатарда Әбдірахым Бестібаев, Нұрбек Бейсенов, Нысанбай Байқадамов, Ізбасар Есболғанов, Ақынбек Қарақожанов, Бекмырза Жексенбеков, Нұрғалым Омаров, Иманғазы Күнқожанов, Оспан Байсынбеков, Бабамырза Есперлі, Иван Бузницкий, Әбдіғалым Балажігітов, Мұқаш Сегізбаев, Мақсұт Нәрікбаев, Жаңыл Оспанов, Дәрібай Келімбеков, Баршабала Жетпісова, Жұмағайша Бектенова, Зағипа Ақажан келіні, Таубай Бектенов, Әбіл Тұңғатов, Бұқарбек Рахимов, тағы басқаларын құрметпен атауға тұра келеді. Бір қызығы осы аталған адамдардың дені бүгінде ауыл тұрғындарына таныс, еңбектері еленіп, елдің құрметіне бөленген. Өкінішке орай, бар ғұмырын жұрттың тыныштығы мен өркендетуге арнаған Мәткәрім Садақбаевтың аты көп жерде аталмайды. Елге істеген қызметі өз деңгейінде бағаланбай келеді.

Осы бір ақтаңдақтың орнын толықтыру үшін 2022 жылы Көксу ауданының Жарлыөзек ауылына қарасты Мұқаншы ауылындағы бір көшенің атын Мәткәрім Садақбаевтың атына ауыстыру туралы бастама көтеріліп, ауыл тұрғындары және ақсақалдар, белсенді азаматтар жиналыс өткізіп, жұрттың ұсынысын сарапқа салған болатын. Сол бас қосуда жергілікті қоғамдастықтың атынан Д. Байжұманов, А. Нұрпейісов сөз алып, Мәткәрім Садақбаев туралы естеліктерімен бөлісіп, еңбектерін атап өтті. Жиын хаттамасы бойынша Мұқаншы ауылындағы Мұқаншы көшесіне Мәткәрім Садақбаевтың атын беру ұсынысы мақұлданған болатын. Бірақ бұл ұсыныс әлі күнге дейін орындалмай келеді.

Егерде біз егемендігіміз тұғырлы ел боламыз десек, өткен өмірін өнегемен өрген Мәткәрім сияқты аталарымыздың өнегелі істерін насихаттаудан бастағанымыз жөн.

Қажет АНДАС

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЕНПФ

АО «ЕНПФ» ПРЕДСТАВИЛО ГОДОВОЙ АКТУАРНЫЙ ОТЧЕТ ЗА 2023 Г.

АО «ЕНПФ» (далее – ЕНПФ, Фонд) опубликовало «Годовой актуарный отчет за 2023 год» (далее – Отчет), где представлены основные результаты комплексных актуарных расчетов по основным направлениям дальнейшего совершенствования пенсионной системы Казахстана.

Важнейшей функцией государства является создание эффективной пенсионной системы, соответствующей международным стандартам и обеспечивающей адекватные выплаты в пенсионном возрасте. Эффективность пенсионной системы оценивается по различным показателям, которые анализируются и прогнозируются в настоящем Отчете.

В разделе 1 Отчета описаны демографические тренды в Казахстане и их влияние на пенсионную систему. При этом освещена демографическая ситуация на 01.01.2023 года и представлены прогнозные тренды по демографии до 2050 года с учетом стохастического и детерминистического подходов.

В разделе 2 представлены прогнозы и оценка адекватности будущих пенсионных выплат в Казахстане в условиях объективного сокращения солидарного компонента и развития накопительного компонента. В частности, осуществлен прогноз индивидуальных коэффициентов замещения по компонентам многоуровневой пенсионной системы страны с учетом стандартных экономических допущений, используемых в рамках методологии организации экономического сотрудничества и развития, а также специфических допущений, учитывающих экономические условия в стране.

В разделе 3 Отчета представлено моделирование и прогнозирование пенсионных потоков, в частности описаны комплексная актуарная модель KazPRESTO и ее прогнозные результаты, моделирование демографии, рынка труда, пенсионных выплат за счет 10% обязательных пенсионных взносов.

Годовой актуарный отчет является одним из важнейших документов Фонда и раскрывает актуальную информацию широкому кругу заинтересованных сторон. Документ подготовлен с учетом международных стандартов и лучшей мировой практики по раскрытию информации.

ЧИСТЫЙ ИНВЕСТИЦИОННЫЙ ДОХОД КАЗАХСТАНЦЕВ ЗА 7 МЕСЯЦЕВ 2024 ГОДА ПРЕВЫСИЛ 1,38 ТРЛН ТЕНГЕ

За 7 месяцев 2024 года чистый инвестиционный доход казахстанцев превысил 1,38 трлн тенге, что больше на 619,3 млрд тенге или 81,4 % показателя аналогичного периода прошлого года.

Доходность пенсионных активов ЕНПФ, образованных за счет обязательных пенсионных взносов (ОПВ), обязательных профессиональных пенсионных взносов (ОППВ), добровольных пенсионных взносов (ДПВ) за 7 месяцев 2024 г. составила 7,51% при инфляции за данный период 4,7%.

Если рассматривать годовую доходность пенсионных активов, то она по состоянию на 1 августа 2024 составила 12,72%, а инфляция - 8,6%.

Доходность пенсионных активов ЕНПФ, сформированных за счет обязательных пенсионных взносов работодателя (ОПВР), по состоянию на 1 августа 2024 с начала года – 2,53%.

Инвестиционный доход складывается из доходов в виде вознаграждения по финансовым инструментам (по ценным бумагам, вкладам и другим операциям), рыночной и валютной переоценки финансовых инструментов, доходов по активам, находящимся во внешнем управлении и т.д. Для сохранности пенсионных активов и получения доходности Национальный Банк Республики Казахстан (НБРК) и управляющие инвестиционным портфелем (УИП) постоянно диверсифицируют инвестиционный портфель. То есть активы инвестируются в разные финансовые инструменты, валюты и регулярно перераспределяются с учётом ситуации. Такая диверсификация приводит к положительным результатам и обеспечивает устойчивую инвестиционную доходность.

Отметим, что пенсионные накопления - это долгосрочные инвестиции, и анализировать размер инвестиционного дохода целесообразно за период не менее года. Так, к примеру, инвестиционная доходность с момента основания накопительной пенсионной системы в 1998 году на 1 августа 2024 года нарастающим итогом составила 885,26% при инфляции за весь период 794,46%. Таким образом накопленный инвестиционный доход в долгосрочном периоде превышает инфляцию.

Напомним, что в Казахстане действует уникальная гарантия сохранности обязательных пенсионных взносов с учетом уровня инфляции. В случаях снижения доходности в отдельном периоде, повлиявшем на накопленную доходность вкладчика при наступлении права на выплаты, компенсация разницы гарантирована государством.

Вся система инвестиционного управления и учета пенсионных активов является прозрачной: каждый вкладчик имеет возможность видеть свой инвестиционный доход в личном кабинете на сайте enpf.kz или в мобильном приложении.

Информация по инвестиционному управлению пенсионными активами ЕНПФ и о финансовых инструментах, в которые размещены пенсионные активы ЕНПФ, публикуется на официальном сайте ЕНПФ (www.enpf.kz) в разделе «Показатели/Инвестиционная деятельность».

Много интересной и полезной информации, в том числе интервью экспертов накопительной пенсионной системы об инвестировании пенсионных активов, - на YouTube-канале БЖЗҚ ЕНПФ.

ПЕНСИОННЫЕ АКТИВЫ КАЗАХСТАНЦЕВ ПРЕВЫСИЛИ 20 ТРЛН ТЕНГЕ

По состоянию на 1 августа 2024 года пенсионные активы казахстанцев на пенсионных счетах в ЕНПФ превысили 20,26 трлн тенге, продемонстрировав рост за 7 месяцев почти на 2,4 трлн тенге (или на 13,4%). За год пенсионные активы выросли на 3,9 трлн тенге (или 23,7%).

96,32% накоплений казахстанцев образованы за счет ОПВ, объем которых на 01.08.2024 г. составил порядка 19,5 трлн тенге (прирост за год – 23%, с начала года – 12,8%). Сумма пенсионных накоплений по ОППВ составила 618,14 млрд тенге, увеличившись за год на 19,6%, с начала текущего года – на 8,7%. Самый большой прирост (47% за год, 26,2% - с начала года) показали накопления по добровольным пенсионным взносам (ДПВ), объем которых составил 6,7 млрд тенге.

С 1 января 2024 года на пенсионные счета вкладчиков (получателей) поступают дополнительные средства – обязательные пенсионные взносы работодателя (ОПВР). За 7 месяцев 2024 года сумма пенсионных накоплений за счет ОПВР составила около 120,5 млрд тенге.

Входящие потоки

Пенсионные накопления растут за счет входящих потоков в виде пенсионных взносов и инвестиционного дохода. Пенсионные взносы на счета вкладчиков за январь-июль 2024 года составили порядка 1,55 трлн тенге (рост на 29,5% или более 353,5 млрд тенге по сравнению с показателем прошлого года).

Выросли все виды взносов: на индивидуальные пенсионные счета (ИПС) по учету ОПВ с начала года на 01.08.2024 г. поступило более 1,36 трлн тенге (это на 19,5% больше, чем за аналогичный период прошлого года), на ИПС по учету ОППВ – порядка 66,01 млрд тенге (рост на 20,4%), ДПВ – 1,7 млрд тенге (рост на 34,4%).

Чистый инвестиционный доход, начисленный на индивидуальные и условные пенсионные счета вкладчиков ЕНПФ, с начала года на 01.08.2024 г. составил порядка 1,38 трлн тенге. Его объем увеличился почти на 620,3 млрд тенге (или на 81,5%) по сравнению с аналогичным периодом прошлого года.

Выплаты и переводы

Исходящие потоки в виде выплат по всем видам взносов и переводов в страховые организации из ЕНПФ за 7 месяцев 2024 года превысили 608,64 млрд тенге, что больше объема выплат прошлогоднего аналогичного периода на 322,4 млрд тенге или на 112,7%.

266,16 млрд тенге составляют единовременные пенсионные выплаты (ЕПВ) на улучшение жилищных условий и лечение.

Выплаты в связи с достижением пенсионного возраста составили порядка 114,5 млрд тенге, что выше показателя прошлого года на 37,4%.

За указанный период также осуществлены выплаты по наследству – 34,83 млрд тенге, выплаты в связи с выездом на ПМЖ за пределы РК – более 22,21 млрд тенге, выплаты лицам с инвалидностью – более 1,8 млрд тенге, выплаты на погребение – порядка 5,9 млрд тенге. В страховые организации переведена сумма более 163,3 млрд тенге.

Сумма средней ежемесячной выплаты из ЕНПФ в связи с достижением пенсионного возраста составила 33 847 тенге, а максимальная сумма ежемесячной выплаты – 945 752 тенге.

Количество ИПС

Общее количество пенсионных счетов в ЕНПФ на 1 августа 2024 года составило 16,46 млн единиц. При этом количество ИПС вкладчиков (получателей) в ЕНПФ на 1 августа 2024 г. составило порядка 12,4 млн единиц, из них: 11,07 млн - по ОПВ, 690,7 тыс. - по ОППВ, 425 тыс. - по ДПВ.

Количество условных пенсионных счетов в ЕНПФ, на которых учитываются сведения о поступивших ОПВР в соответствии с законодательством Республики Казахстан, составило порядка 4,08 млн единиц.

Вся актуальная информация о статистических данных по пенсионным активам, в том числе в разрезе регионов республики, размещена на сайте enpf.kz в разделе «Показатели».

КОРРУПЦИЯ

НЕОБХОДИМО МОБИЛИЗОВАТЬ ВСЕ ОБЩЕСТВО

КОРРУПЦИЯ - ОДНА ИЗ НАИБОЛЕЕ СЕРЬЕЗНЫХ ПРОБЛЕМ, КОТОРАЯ УГРОЖАЕТ ДЕМОКРАТИЧЕСКИМ, МОРАЛЬНО-ЭТИЧЕСКИМ ОСНОВАМ ОБЩЕСТВА. ДЛЯ ЭФФЕКТИВНОЙ РАБОТЫ В РЕСПУБЛИКЕ ЕСТЬ ВСЕ УСЛОВИЯ, СОЗДАНА ХОРОШАЯ ПРАВОВАЯ БАЗА. ПОЭТОМУ РЕСПУБЛИКА С ОБРЕТЕНИЯ НЕЗАВИСИМОСТИ ПРОВОДИТ ПОСЛЕДОВАТЕЛЬНУЮ ЭФФЕКТИВНУЮ БОРЬБУ С КОРРУПЦИЕЙ. В ЧАСТНОСТИ, КАЗАХСТАН В 1998 ГОДУ ОДНИМ ИЗ ПЕРВЫХ В СНГ ПРИНЯЛ СПЕЦИАЛЬНЫЙ ЗАКОН «О БОРЬБЕ С КОРРУПЦИЕЙ», НАПРАВЛЕННЫЙ НА ЗАЩИТУ ПРАВ И СВОБОД ГРАЖДАН, ОБЕСПЕЧЕНИЕ НАЦИОНАЛЬНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ ОТ УГРОЗ, ВЫТЕКАЮЩИХ ИЗ ПРОЯВЛЕНИЙ КОРРУПЦИИ, СОЗДАНИЕ УСЛОВИЙ ДЛЯ ЭФФЕКТИВНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ГОСУДАРСТВЕННЫХ ОРГАНОВ, ДОЛЖНОСТНЫХ И ДРУГИХ ЛИЦ, ВЫПОЛНЯЮЩИХ ГОСУДАРСТВЕННЫЕ ФУНКЦИИ, А ТАКЖЕ ЛИЦ, ПРИРАВНЕННЫХ К НИМ, ПУТЕМ ПРЕДУПРЕЖДЕНИЯ, ВЫЯВЛЕНИЯ, ПРЕСЕЧЕНИЯ И РАСКРЫТИЯ ПРАВОНАРУШЕНИЙ, СВЯЗАННЫХ С КОРРУПЦИЕЙ, УСТРАНЕНИЯ ИХ ПОСЛЕДСТВИЙ И ПРИВЛЕЧЕНИЯ ВИНОВНЫХ К ОТВЕТСТВЕННОСТИ. ДОКУМЕНТ ОПРЕДЕЛИЛ ОСНОВНЫЕ ПРИНЦИПЫ БОРЬБЫ С КОРРУПЦИЕЙ И УСТАНОВИЛ ВИДЫ ПРАВОНАРУШЕНИЙ, СВЯЗАННЫХ С КОРРУПЦИЕЙ, А ТАКЖЕ УСЛОВИЯ НАСТУПЛЕНИЯ ОТВЕТСТВЕННОСТИ. В 2007 ГОДУ КАЗАХСТАН РАТИФИЦИРОВАЛ КОНВЕНЦИЮ ООН ПРОТИВ КОРРУПЦИИ.

Вместе с тем проводимая государством в лице уполномоченных органов борьба с коррупцией не должна оставаться без «обратной связи», поскольку одностороннее противодействие коррупции исключительно административными рычагами, не принесет ожидаемых результатов, и поэтому борьба с коррупцией должна стать общенациональным делом.

Поэтому поводу и высказался на совещании по вопросам противодействия коррупции своем выступлении Касым-Жомарт Токаев отметив, что бескомпромиссная борьба с коррупцией является одним из основных приоритетов государственной политики. По его мнению, чтобы установить верховенство закона и построить настоящее правовое государство, прежде всего, нужно искоренить коррупцию. В частности, Глава государства заявил: "Введен запрет на условно-досрочное освобождение граждан, осужденных за коррупционное деяние. К судам, правоохранителям, взяточникам и посредникам применяются жесткие наказания. Введено всеобщее декларирование доходов. Эти и другие меры дали ощутимый результат, снизился уровень коррупции. Однако кардинальных изменений это не принесло. Об этом нужно говорить открыто. Граждане по-прежнему сталкиваются с коррупционными проявлениями в повседневной жизни". Также Президент призвал усилить информационно-разъяснительную работу среди граждан. Необходимо мобилизовать все общество на борьбу с коррупцией. Внедрение в массовой сознание принципа "Жемқорлық – індет, онымен күресу – міндет" должны совместно заниматься все государственные органы.

В широком смысле слово коррупция - это социальное явление, выражающееся в разложении власти, умышленном использовании государственными служащими и иными лицами, уполномоченными на выполнение управленческих функций, своего служебного положения, статуса и авторитета занимаемой должности в корыстных целях для личного обогащения или в групповых интересах. Поэтому, борьба с этим социальным злом дело всех и каждого. Особенно, нужно формировать антикоррупционное мировоззрение среди молодежи.

Олег АНИСИМОВ,
председатель Текелийского городского суда.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ

ЖҰМЫЛА КӨТЕРГЕН ЖҮК ЖЕҢІЛ

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ – БҮГІНГІ ТАҢДА КӨПТЕГЕН ЕЛДЕ КЕҢІНЕН БЕЛЕҢ АЛЫП, ҚОҒАМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІККЕ ҚАТЕР ТӨНДІРГЕН ҚЫЛМЫСТЫҢ БІРІ. АЛ ОСЫ КӨРІНІСТЕРДІ ТУЫНДАТҚАН САЛАЛАР МЕМЛЕКЕТТІК ҮДЕРІСТІ, ҚАРЫШТЫ ДАМУЫНА КЕДЕРГІ КЕЛТІРІП ҚАНА ҚОЙМАЙ, СОНДАЙ-АҚ МЕМЛЕКЕТ БИЛІГІНІҢ БЕДЕЛІНЕ ДЕ НҰҚСАН КЕЛТІРЕДІ.

Осыған орай, Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекет саясатының басым бағыттарының бірі болып айқындалған және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске жалпы мемлекеттік мәртебе берілген, сыбайлас жемқорлықты жою және оның көріністерін болдырмау жөнінде қоғамдық және саяси күштермен бірлесіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы ауқымды науқан жүргізілуде. Бұл тұрғыда сыбайлас жемқорлықтың жолын кесу бағытында «Қазақстан – 2050» стратегиясында белгіленген мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыруға бағытталған Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы бекітілген.

Мемлекетіміздің басты құндылығы – Тәуелсіздігіміздің арқасында еліміз қол жеткізген жетістіктерге жемқорлық үлкен қатер төндіретінін, сыбайлас жемқорлық қоғамдық қатынастардың, әлеуметтік салалардың барлығына жағымсыз әсер етіп, қоғам мен мемлекеттің дамуына кедергі келтіріп, жалған бағыт-бағдар қалыптастыратыны белгілі. Мемлекет сыбайлас жемқорлықтың ауқымы мен салдарын нақты бағалап, осы қауіпті құбылыспен қатаң әрі табанды түрде ымырасыз әрі жоспарлы күрес жүргізуді басты мақсат етіп отырғаны белгілі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөнінде кеңесте сөйлеген сөзінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Жемқорлық әрекеті үшін сотталған азаматтарды шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға тыйым салынды. Соттарға, құқық қорғау қызметкерлеріне, пара бергендерге және делдалдарға қатаң жаза қолданылатын болды. Жалпыға бірдей салық декларациясын тапсыруды бастадық. Осы және басқа да шаралар айтарлықтай нәтиже беріп, жемқорлық деңгейі төмендеді. Дегенмен, түбегейлі өзгеріс әкелген жоқ. Мұны ашық айтуымыз керек. Азаматтарымыз әлі де күнделікті өмірде сыбайлас жемқорлық жағдайларымен бетпе-бет келуде», – деп атап көрсетті.

Ендеше бүгінгі таңда әлеуметтік дерт болып табылатын сыбайлас жемқорлықтың жолын кесудің және қоғамда оның кез-келген көрінісіне ымырасыздық ахуалын қалыптастырудың жағдайын жүйелі түрде жасауға атсалысуымыз керек. Мемлекет басшысының тапсырмасын жүзеге асыру нәтижесінде елімізде сыбайлас жемқорлықпен ымырасыз күрес кең ауқымды науқанға айналды. Жемқорлықпен ел болып күресіп жатқанымызбен қоғамымызда әлі болса жемқорлықтың орын алуы, еліміздің экономикалық дамуы мен оның өркендеуіне кері әсерін тигізетіні баршамызға белгілі. Осыған байланысты тек құқық қорғау органдары ғана емес, барлық мемлекеттік және қоғамдық құрылымдар, бүкіл әлеумет, әр азамат оған қарсы тұруға шешім қабылдауы керек, сонда ғана жемқорлыққа жол берілмесі анық. Сайып келгенде «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дегендей, көпшілікпен бірлесе жұмыс жүргізгенде ғана істің ілгері басары даусыз.

Думан ДОШКЕЕВ,
Талдықорған қаласының
мамандандырылған
тергеу сотының судьясы.

МЕДИЦИНА

ХОЛЕСТЕРИН – HDL, LDL ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

Холестерин – бұл жасуша мембраналарының ажырамас бөлігі болып табылатын және көптеген биологиялық процестерде маңызды рөл атқаратын липидті немесе майлы молекула.



Ол екі негізгі түрге жіктеледі: төмен тығыздықтағы холестерин (LDL) және жоғары тығыздықтағы холестерин (HDL).

Төмен тығыздықтағы холестерин (LDL): «жаман» холестерин ретінде белгілі. Оның артық болуы тамырларда «бляшкалардың» пайда болуына әкелуі мүмкін, бұл атеросклерозға (артерияларда бляшкалардың пайда болуына) ықпал етеді және жүрекқан тамырлары ауруларының қаупін арттырады.

Жоғары тығыздықтағы холестерин (HDL): «жақсы» холестерин деп аталады. Денеден артық холестеринді кетіруде маңызды рөл атқарады, бұл жүрек ауруының қаупін азайтады.

Жүрекке әсері: Қандағы холестерин деңгейі жүрек-тамыр жүйесінің күйіне әсер етуі мүмкін. Жалпы холестерин деңгейінің жоғарылауы және әсіресе LDL холестерин деңгейі артерияларда бляшкалардың пайда болуына әкелуі мүмкін, бұл қалыпты қан ағымына кедергі келтіреді. Бұл процесс атеросклерозға және ақырында стенокардия және миокард инфарктісі сияқты жүрек ауруларына әкелуі мүмкін.

Жүрек ауруларының алдын алу холестерин деңгейін бақылауды, салауатты өмір салтын, соның ішінде дұрыс тамақтану мен физикалық белсенділікті сақтауды қамтиды. Дәрігердің кеңесі бойынша қажет болған жағдайда холестеринді төмендететін дәрілерді де қолдануға болады.

Ұлдана ДОСБОЛОВА,
облыстық
кардиологиялық
орталығының
мейірбикесі.

МАМАН МІНБЕРІ

ПРОЦЕССУАЛДЫҚ ДЕРБЕС ТҰЛҒА

Тергеу судьясы – қылмыстық процесстегі тараптар мүмкіндіктерінің теңдігін, жеке адамға тиесілі конституциялық құқықтарының сотта қорғалуын, негізсіз айыптаудан және соттаудан, адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының заңсыз шектелуінен қорғауды қамтамасыз ететін процессуалдық дербес тұлға. Ол тек заңның мүддесін қолдайды.

Қылмыстық-процестік кодекстің 55-бабында тергеу судьясының сотқа дейінгі тергеп-тексеру жұмыстары барысында кездесетін кемшіліктерді жою үшін оған бірнеше өкілеттіктер берілген. Сотқа дейінгі өндірісте соттың бақылауын кеңейту және қылмыстық процесте жеке адамның құқықтары мен бостандықтарының тиісті кепілдіктерін құру тергеу судьясының қатысуынсыз мүмкін емес. Бұған дейін түрлі тергеу әрекеттеріне санкция беру прокурордың, яғни айыптау тарапының құзырында болып келген. Ендігі жерде тергеу сотына кең өкілеттіктер беру, прокурордың өкілеттіктерін шектесе де, санкциялар беру, оның алғашқы қадағалау қызметінде көрінетін сияқты, бірақ бұл прокурорлық қадағалауды сот бақылауына ауыстыруды білдірмейді. Керісінше, бұл заңдылықтың қосымша кепілі болып табылатын және адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарын тиімді қорғауға кең мүмкіндіктер беретін сот рәсімдерінің бәсекелестік принципін жүзеге асырудың еркін алаңын жасайды.

ҚР ҚПК 55-бабына сәйкес тергеу судьясы сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында қылмыстық іс бойынша күдіктілердің (айыпталушылардың) құқықтары мен бостандықтарын елеулі түрде шектейтін мынадай процестік мәжбүрлеу шараларына: күзетпен ұстауға, үйқамаққа алуға, лауазымынан уақытша шеттетуге, жақындауға тыйым салуға, экстрадициялық қамауға алуға, кепілге, мүлікке тыйым салуға, сондай-ақ жоғарыда айтылғандарды ұзартуға санкция береді.

Прокурорлық қадағалау жоғарыда көрсетілген процестік мәжбүрлеу шараларын санкциялау кезінде жүзеге асырылады, бұдан басқа, ҚР ҚПК 106-бабының 1-бөлігіне сәйкес, егер санкциялау процесінде заңдылық қағидатын бұзушылықтарды анықтаса, прокурор қаулыға, тергеу судьясының санкциясына өтінішхат келтіруге құқылы.

Кейбір тергеу әрекеттеріне санкция беруден басқа тергеу судьясы сотқа дейінгі өндіріс кезінде тараптардың шағымдары мен өтініштерін қарайды. Айыпталушының бұлтартпау шарасына санкция беру тергеу судьясымен ашық сот мәжілісінде, айыптау және қорғау тараптарының қатысуымен қаралады. Мұндай процесте тараптардың жарыспалылық қағидасы неғұрлым толық іске асырылады және сотқа дейінгі өндірісте тараптың бірі - адвокаттың ролі арта түседі. Ашықтық және тараптардың жарыспалылығы процеске қатысушылар құқығының тиімді қорғалуына себепкер болады және азаматтардың құқығының сақталуына қосымша кепілдік береді.

Айнұр ЕСТАЙ,
Қонаев қаласының мамандандырылған
тергеу сотының судьясы.

АРАМПИҒЫЛДЫҒА АЛДАНБАС ҮШІН...

Алаяқтық Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 190 бабына сәйкес - бөтеннің мүлкін жымқыру немесе алдау немесе сенімді теріс пайдалану жолымен бөтен мүлікке құқықты иемдену. Ол үшін қылмыскер алдау-арбау амалдарын қолданады немесе басқаның сеніміне кіріп алып, қастық жасайды.

Алдау арқылы қылмыскердің оған ақшаның, мүліктің және өз еркімен берілуіне қол жеткізетіні осы қылмыстың ең негізгі және өзіне тән қасиеті болып табылады. Айналасындағы адамдарға алаяқ сыртай әдепті әрі адал болып көрінеді. Мұндай алдамшы көрініс алаяқтың көпшіліктің сеніміне тездетіп кіруіне септігін тигізеді. Алаяқтық қылмыстың көзі және басты мақсаты өзгенің ақшасына қол сұғушылық болып табылады. Ақшаны заңсыз алу үшін қылмыскер әдетте болашақ жәбірленушіге шын мәнінде орын алған тәрізді оқиғалар мен жағдайлар туралы, немесе іс жүзінде орын алғанымен, бұрмаланған деректер туралы жалған мағлұматтар беріп, иландырады. Көздеген ойын жүзеге асыру үшін түрлі айла шарғылар мен құйтырқы амалдар қолданады.

Алаяқтықтың тағы бір қалыптасқан жолы мынадай. Мәселен, алаяқтық жасау барысында бөтеннің мүлкін заңсыз айналдырудың ішінде жалған құжаттар арқылы алдау әдісі көп қолданылады. Жалған құжаттарды беріп отырып, алаяқ оған бөтен мүлікті алуға құқық беретін тәрізді алдамшы деректерді немесе жағдайлардың бар екендігін растайды. Сөйтіп, ол иелігінде мүлкі бар адамды шатастырып, басын айналдырады. Сондықтан әркім арампиғылды алаяқтың жымысқы әрекеттеріне алданып, опық жеп қалмас үшін міндетті түрде шешімді жеті рет өлшеп, бір рет кескендері жөн.

Бақытқүл МАДЫБЕКОВА,
Текелі қалалық соты әкімшісінің басшысы.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

МӘДЕНИЕТ

ШЕКАРАШЫЛАР МҰРАЖАЙ ҮЙІНЕ БАРДЫ

ҚР ҰҚК ШЕКАРА ҚЫЗМЕТІ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ ЖЕКЕ ҚҰРАМЫ АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНДА ОРНАЛАСҚАН АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ МҰРАЖАЙ ҮЙІНЕ БАРДЫ.



Мұражай экспозициясы үш бөлмеден тұрады – бұрынғы ас үй, балалар бөлмесі және отағасының кабинеті. Мұражай бөлмелерінде Байтұрсынұлының отбасы, достары мен пікірлестері туралы баяндайтын құжаттар мен фотосуреттердің түпнұсқалары ұсынылған. Сонымен қатар, «Қырық аңыз», «Маса», «Оқулық» (үш кітап), «Тіл білімі» (үш кітап), «Баяншы», «Ер Сайын», «Бастауыш», «Жаңаастар», «Диплом» қол-жазбалары ұсынылған», «Жоқтау», «Әдебиеттану», «Тіл таным» (екі кітап) және мұрағаттық фотоматериалдар бар.

Ұлы тұлғаның өмірінің соңғы күндері тұрған үйіне барған шекара сақшылары қоғам қайраткерінің ғұмыры мен еңбек жолы туралы көптеген мағлұмат алды.

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті.

ДЕНСАУЛЫҚ

ҚАРТАЮ ПРОЦЕСІН БАЯУЛАТАДЫ

Кимчи – кәрістердің әртүрлі көкөністерден дайындалатын ашытылған ұлттық тағамы. Көбінесе пекин қырыққабаты мен корей шалғамы қолданылады.



Ол чили, сарымсақ, зімбір, соя немесе балық соусымен хош иістендіріледі, содан кейін үлкен құтыға салып, бөлме температурасында бірнеше күн немесе апта бойына қалдырылады.

Кимчи тұтынудың денсаулыққа пайдасы:

1. Биологиялық қартаю процесін баяулатады. Тағам антиоксиданттарға бай және ағзадағы жалпы қабынуды азайтады. Бұл өз кезегінде созылмалы аурулардың, соның ішінде жүрек ауруларының дамуын бәсеңдетеді.

2. Ішек саулығына ықпал етеді. Кимчи құрамында терінің күйін, психикалық және жүрек саулығын жақсартуға көмектесетін маңызды пробиотиктер бар.

3. Иммундық жүйені нығайтады. Қырыққабат ашығаннан кейін оның құрамында бактерия саны көбейеді, олар иммундық жүйені нығайта алады, бұл ағзаға инфекциялармен күресуге күш береді.

4. Холестерин деңгейін жақсарта алады. Кимчи "жаман" LDL холестеринін төмендету арқылы холестерин деңгейіне оң әсер етуі мүмкін.

5. Салмақ тастауға ықпал етеді. Тағамдағы пробиотиктер зат алмасуды жақсартуға және дене майын азайтуға көмектеседі.

Материал massaget.kz. сайтынан алынды.

ӨНЕР

«МЕЙІРІМ» шығармашылық орталығының талантты балалары



Жұлдызай ӘБДІКЕРІМ



Анна ЖИЕМБАЕВА



Зарина ТІЛЕУКЕНОВА

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Зарина БЫЖЫБЕК – тілші
Айнұр ӘБДІРАХЫМ – корректор

Кезекші редактор: З.БЫЖЫБЕК

Alatau

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
Сайты: alatau_gazeti
Газет 07.08.2000 жылдан бастап қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет - жұма күні шығады.

Таралымы 2700 Индекс 15534
Тапсырыс № 993